



Сәт сапар, жас маман!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде көптен күткен салтанатты сәт — түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті. Жоғары білім ордасын тәмамдаған студенттер қолдарына өмірлік маңызды құжаттарын алып, жас маман атанды.

Салтанатты іс-шараға университет басшылығы, профессорлық-оқытушылық құрамы, түлектер және олардың ата-аналары қатысты. Білім ордасының басқарма төрағасы-ректор, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы түлектерге дипломдарды табыстап, жүрекжарды лебізін білдірді.

Биылғы оқу жылында университеттің 6 факультеті бойынша мыңдаған түлек диплом алып отыр. Олардың арасында үздік диплом иегерлері де аз емес. Бұл — жастардың білім мен ғылымға деген ынта-жігерінің, ұстаздардың кәсіби еңбегінің нәтижесі. М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың түлегі атану — үлкен мәртебе ғана емес, сонымен қатар зор жауапкершілік. Ендігі кезекте жас мамандарды өмірдің жаңа кезеңі, еңбек жолындағы алғашқы қадамдар күтіп тұр. Сәт сапар!



БҚУ СПОРТШЫЛАРЫ универсиададан жүлделі оралды



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Әр мемлекеттің тәуелсіздігін, біртұтастығын және егемендігін айқындайтын басты белгілері бар. Олар – мемлекеттік рәміздер. Қазақстан Республикасы үшін мемлекеттік рәміздер – ұлттың тарихы мен болмысының символы, Тәуелсіздіктің белгісі. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін нышандарының бірі. Олар мемлекет имиджінің ажырамас бөлігін құрайды, азаматтардың патриотизмін білдіреді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері Ту, Елтаңба және Әнұран – ел тәуелсіздігі мен егемендігінің, ұлттық бірегейліктің заңды түрде белгіленген нышандары болып табылады.

1992 жылғы 4 маусымда Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасы бекітілді. Ал 2006 жылы қазіргі Мемлекеттік Әнұран қабылданды. Осы күн мемлекеттік деңгейде атап өтілетін атаулы күн ретінде тарихта қалды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 9-бабына және 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңына сәйкес, мемлекеттік рәміздер – мемлекетіміздің Тәуелсіздігін, дербестігін, оның саяси, экономикалық және мәдени негіздерін бейнелейтін басты нышандар.

Аталған Конституциялық заңның 34-бабында Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге әрі оларды дұрыс пайдалануға міндетті екендігі көрсетілген. Мемлекеттік рәміздерді қорлау – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл нормалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте (458-бап), сондай-ақ Қылмыстық



кодекстің 372-бабында бекітілген.

Мемлекеттік Ту – көгілдір түсті матада алтын күн, қыран және ұлттық өрнек бейнеленген. Бұл бейнелер ашық аспан, еркіндік, тыныштық пен мәдени мұраны білдіреді.

Мемлекеттік Елтаңбаның негізі – шаңырақ, оның айналасында уықтар мен қанатты пырақтар бейнеленген. Бұл – халық бірлігі мен тұрақтылықтың, берік мемлекеттің символы.

Мемлекеттік Әнұран – халқымыздың ерлігі мен бірлігін, отансүйгіштік рухын паш ететін әнұран. Ол еліміздегі барлық ресми іс-шараларда, білім беру мекемелерінде және халықаралық деңгейде орындалады.

Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау – әр азаматтың парызы ғана емес, заңмен бекітілген жауапкершілігі. Бұл – еліміздің тұтастығына, тәуелсіздігіне және болашағына деген құрметтің көрінісі.

Еліміздің тәуелсіздігі мен ұлттық бірегейлігін білдіретін ең басты белгілердің бірі – мемлекеттік рәміздер. Олар – Ту, Елтаңба және Гимн. Бұл белгілер тек сыртқы пішін немесе көркем сурет емес, олар – халықтың санасына, елдің тұтастығына, мемлекеттің егемендігіне

тікелей қатысы бар қасиетті құндылықтар. Мемлекеттік рәміздердің мәнін бірнеше бөлікке бөліп қарастыруға болады:

1. Мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңызы

Мемлекеттік рәміздер – бұл елдің ресми символдары. Олар:

- халықтың тарихын, мәдениетін, рухын бейнелейді;
- азаматтардың отансүйгіштік сезімін оятады;
- мемлекеттің халықаралық аренадағы танымалдығын көрсетеді.

Рәміздер – бұл тек көркем туынды емес, ұлттық идеяның көрінісі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көк аспан астындағы бейбіт өмір мен еркіндікті білдіреді. Тудағы күн – өмір мен қуаттың, ал қыран – биіктік пен еркіндіктің символы. Елтаңбадағы шаңырақ – бірлікті, ортақ үйді білдіреді. Ал гимн – халықтың дауысы, рухани шабыттың әні.

2. Конституциялық мәртебесі

Мемлекеттік рәміздер Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Нақты айтсақ, Конституцияның 9-бабында былай делінген:

«Қазақстан Республикасының

мемлекеттік рәміздері — Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.» Бұл не білдіреді? Бұл — рәміздер жай ғана сурет немесе ән емес, конституциялық дәрежедегі құндылықтар. Яғни, оларды құрметтеу – заңмен бекітілген міндет, ал оларды қорлау – қылмыстық жауапкершілікке алып келеді.

3. Құқықтық негіздер

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық заңы 2007 жылы 4 маусымда қабылданған. Бұл заңда:

- Рәміздердің сипаттамасы;
- Қолдану тәртібі;
- Қоғамда насихаттау жолдары;
- Қорғау нормалары көрсетілген.

Сол себепті де 4 маусым – елімізде Мемлекеттік рәміздер күні ретінде аталып өтеді. Бұл күні мектептерде, оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

4. Мемлекеттік рәміздер және азаматтық сана

Рәміздер – патриоттық тәрбиенің басты құралы. Әрбір қазақстандық Туға қарап бой түзейді, Гимнді шырқап елінің ертеңіне сенім артады. Бұл — ұлттық рухтың, халық бірлігінің, мемлекеттік тұтастықтың көпірі.

Бүгінде мектептерде апталық сап түзеу кезінде Гимн орындалады. Бұл – тек рәсім емес, азаматтық сананы қалыптастырудың маңызды сәті.

5. Халық пен биліктің ортақ құндылығы

Рәміздер – бұл халық пен мемлекет арасындағы символикалық келісім. Олар:

- Халықтың ар-намысын білдіреді;
- Мемлекеттік биліктің легитимділігін күшейтеді;
- Елді ұлт ретінде танудың басты нышандарының бірі.

Қорытындылай келе, мемлекеттік рәміздер — бұл тек заңдық нормамен қорғалған белгілер ғана емес, олар — біздің жүрегіміздегі Отанға деген сүйіспеншіліктің, тәуелсіздікке деген сенімнің және ұлттық бірліктің көрінісі. Біз жас ұрпаққа, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарап, оларды ұлықтау арқылы еліміздің жарқын болашағына үлес қосамыз. Туымыз – биік болсын, Елтаңбамыз – нық болсын, Гимніміз – асқақ болсын!

Айгуль САМУРАТОВА,

Тарих, экономика және құқық факультеті
Құқық БББ аға оқытушысы, заң ғылымдары магистрі

Кездесу барысында Дәурен Ерікұлы мемлекеттік қызметтің маңыздылығын, оның қоғам дамуына қосатын үлесін жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар Президенттік кадр резервіне іріктеу талаптары, іріктеу үдерісінің ерекшеліктері мен талаптары туралы нақты әрі түсінікті ақпарат берді. Спикер жастардың кәсіби өсуіне бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы да әңгімелеп, Батыс Қазақстан облысындағы табысты мемлекеттік қызметкерлердің тәжірибелері мен нақты кейстерімен бөлісті. Кездесудің ашық форматында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, кәсіби кеңестер мен пайдалы ақпарат алды.

Дәурен Ерікұлының айтуынша, Президенттік кадр резерві – бұл елдің ең дарынды, қабілетті және патриот жастарын іріктеп, оларға мемлекеттік басқару саласында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін стратегиялық бағдарлама. Мұндай іріктеу үдерісі арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, тиімді кадрлық саясат жүргізу көзделген.

Осылайша, университеттегі осындай кездесулер жастардың кәсіби дамуы мен мемлекеттік қызметке деген ынтасын арттыруға үлкен үлес қосуда. Олар жас мамандарды мемлекеттік басқару саласындағы мүмкіндіктермен таныстырып, болашақтағы мансап жолын айқындауға септігін тигізеді.

Ақпараттық кездесу

Махамбет университетінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Батыс Қазақстан бойынша департаменті басшысының орынбасары Хаиров Дәурен Ерікұлы студенттер мен жас мамандарға арналған маңызды ақпараттық кездесу өткізді. Іс-шараның негізгі тақырыбы – Президенттік кадр резервіне іріктеу және мемлекеттік қызмет саласындағы мүмкіндіктер болды.



БҚУ СПОРТШЫЛАРЫ УНИВЕРСИАДАДАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ



Түркістан қаласында өткен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасындағы XIII жазғы Универсиада өз мәресіне жетті. Бұл дүбірлі додада еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік жас спортшылар бақ сынасты. Аталған жарыста М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері де жоғары нәтиже көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғады.

Университетіміздің студенті **Асетаев Мейрамбек** 86 келі салмақ дәрежесінде бокстан шеберлік танытып, қола жүлдені еншіледі. Ал қазақ күресінен сынға түскен **Эльнар Жанболатұлы** да үздіктер қатарынан көрініп, жүлделі үшінші орынға ие болды. Бұл жеңістер — жастарымыздың қайсар мінезі мен ұлттық рухының айқын көрінісі. Университет қабырғасында тек білім алып қана қоймай, спортты серік еткен Махамбет ұрпақтарының бұл табысы — барша ұжым үшін мақтаныш. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, алдағы додаларда толағай табыс, жеңісті жол тілейміз!

«Білім берудегі инновациялық әдістеме»



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде оқытудың жаңа деңгейіне жол ашатын маңызды іс-шара өтті. Байқаудың басты мақсаты — заманауи білім берудің сұранысына сай инновациялық педагогикалық тәжірибені кеңінен тарату және сапалы оқытуға тың серпін беру.

МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІ МАҢЫЗДЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Махамбет университетінде БҚО білім басқармасы жанындағы «Облыстық әдістемелік психологиялық қолдау орталығы» мекемесімен ынтымақтастық пен серіктестік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушылардың тұлғалық дамуы мен психологиялық қолдауына бағытталған кешенді жұмыстарды үйлестіру, кәсіби тәжірибе алмасу және бірлескен жобалар мен ғылыми-практикалық іс-шараларды жүзеге асыру арқылы сапалы тәрбиелік орта қалыптастыру.



Шараға университеттің тәрбие жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Мерген Сулейменов, облыстық әдістемелік психологиялық қолдау орталығының директоры Ләззат Есенова, орталық маманы Айдана Сайлаубекқызы қатысты. Құжат аясында студенттердің психологиялық саулығын нығайтуға, жас мамандарды әдістемелік қолдау, тәжірибе алмасу және мамандарды кәсіби дамыту бағыттарда бірлескен жұмыс жүргізу көзделіп отыр.

Қатысушылар бейнесабақтар, мақалалар мен презентациялар арқылы өздерінің үздік әдістерін таныстырды. Жеңімпаздар әділ әрі ашық бағалау жүйесі арқылы автоматтандырылған түрде анықталды. Байқау нәтижесінде үздік деп танылған қатысушылар дипломдармен, алғыс хаттармен, ақшалай сертификаттармен және кәсіподақ ұйымының гүл шоқтарымен марапатталды. Бұл байқау — ізденіс, тәжірибе және шығармашылықтың тоғысқан алаңы болды.

«БАТЫС-WEST» КОМАНДАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Түркістан қаласында «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша жыл сайынғы XVII Республикалық пәндік олимпиада өтті. Бұл білім сайысына еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 20 команда қатысты.

Аталған олимпиадада университетіміздің намысын **«Батыс-West»** командасы қорғады. Команда құрамында **«Туризм»** білім беру бағдарламасының 1-4 курс аралығындағы студенттері – **Бердіғалиева Ляззат, Каинуллин Әсет, Хайрушева Алина және Халелов Ислам** болды. Команданы ғылыми жетекшісі, туризм саласының білікті маманы – **Алтаякова Салтанат Нұралиқызы** бастап барды.


Олимпиада бірнеше кезеңнен тұрды. Біздің команда **«Неге менің қалам келуге тұрарлық?»** атты бейнепрезентация кезеңінде үздік нәтижеге қол жеткізіп, **II орын** иеленді. Бұл кезеңде қатысушылар өз қаласының туристік әлеуетін таныстыру арқылы креативті ойлау мен кәсіби дайындықтарын көрсетті. **«Батыс-West»** командасы Орал қаласының тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін сәтті насихаттап, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Жалпы олимпиада студенттерге үлкен тәжірибе, жаңа білім мен кәсіби бағдар беріп қана қоймай, түрлі университеттердің үздік студенттерімен танысып, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік сыйлады. Бұл – болашақ туризм мамандары үшін өте құнды бастама.

Факультет ұжымы мен студенттік қауым «Батыс-West» командасын жүлдемен оралуларымен құттықтай отырып, алдағы уақытта да сәттілік, шығармашылық ізденіс және кәсіби биіктер тілейді!



ҚАЛДЫҚ ПА? ЖОҚ, ПАЙДАЛЫ РЕСУРС!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Эко-Жайық» экологиялық клубының белсенділері «Қалдықтармен жұмыс және оны сұрыптау мен кәдеге жарату жолдары» тақырыбында ерекше танымдық дәріске қатысты.



Дәрісті аға оқытушы, магистр Бохорова Светлана Николаевна өткізді. Іс-шара барысында студенттер қалдықтарды дұрыс сұрыптаудың маңыздылығы туралы толық ақпарат алды. Олар:

- қалдықтарды қалай тиімді әрі дұрыс сұрыптау керектігі;
- қай заттардың қайта өңдеуге жарамды екені;
- әр қадамымыздың табиғатқа тигізетін оң ықпалы туралы нақты және түсінікті жауаптар алды.

Кездесудің басты мақсаты – жастардың экологиялық санасын арттыру және қалдықтарды жай ғана «қоқыс» деп қабылдаудың орнына, оларды құнды ресурс ретінде қарастыруды үйрету болды. Осылайша, студенттер экологиялық мәдениетті нығайтып, қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосуға ынталанды.

Дәріс барысында атап өтілгендей, қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеуге жіберу – табиғатты сақтаудың маңызды элементі. Бұл әдіс ресурстарды үнемдеуге және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

«Эко-Жайық» клубының осындай іс-шаралары жастарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейді және олардың экологиялық белсенділігін арттырады. Қалдықтармен дұрыс жұмыс істеу арқылы біз табиғатқа деген қамқорлығымызды көрсетіп, келешек ұрпаққа таза, сау орта қалдыра аламыз.


Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаментінің ұйымдастыруымен зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің сынақ зертханасында танымдық экскурсия өткізілді. Іс-шараға жаратылыстану-география факультетінің жанындағы «ЭкоЖайық» экологиялық клубының мүшелері Экология» білім беру бағдарламасының студенттері қатысты.

«ЭКОЖАЙЫҚ» КЛУБЫ ЗЕРТХАНА ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Экскурсияның басты мақсаты – болашақ экологтарға зертханалық жұмыстардың мазмұны мен маңыздылығын көрсету, қоршаған орта сапасын бақылау үдерісімен және экологиялық қауіпсіздік бағытындағы тәжірибелік жұмыстармен таныстыру болды.

Сапар барысында студенттерге атмосфералық ауа, су, топырақ сынды негізгі табиғи нысандардан сынама алу әдістері, оларды өңдеу мен талдау жолдары кеңінен түсіндірілді. Зертхана мамандары студенттерге қазіргі заманғы аспаптармен және құралдармен жұмыс істеу тәсілдерін көрсетіп, әрбір талдау сатысының ғылыми және практикалық негізін баяндады. Бұл іс-шара студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына, кәсіби бағдарын айқындап, экология саласына деген қызығушылығын арттыруға үлкен септігін тигізді.

«ЭкоЖайық» экологиялық клубының мүшелері мұндай тағылымды кездесулердің болашақ мамандар үшін аса маңызды екенін атап өтті. Ал факультет ұжымы алдағы уақытта да осындай тәжірибелік бағыттағы іс-шараларды тұрақты түрде өткізуге ниетті.



Эко-белсенді ДАУРЕНБЕК САҚЫММЕН КЕЗДЕСУ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде заңгер, эко-белсенді әрі табиғат жанашыры Дауренбек Сақыммен мәнді кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараның тақырыбы – «Батыс Қазақстан облысы аумағындағы табиғатты қорғау шаралары» болды. Кездесу барысында Дауренбек Сақым өңірдегі ең өзекті экологиялық мәселелерге тоқталып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық нормалар мен тетіктерді егжей-тегжейлі түсіндірді. Спикер жастарды қоршаған ортаны қорғауға белсенді атсалысуға, табиғатты аялауға шақырып, олардың қоғамдағы маңызды рөлін ерекше атап өтті.

Іс-шара ашық диалог форматында өтіп, студенттер өздерінің экологияға қатысты сұрақтарын қойып, еліміздегі және өңірдегі қоршаған орта проблемаларының шешу жолдарын бірге іздеді. Кездесу жастар арасында экологиялық сананы арттырып, табиғатты қорғауға деген жауапкершілікті нығайтуға бағытталған маңызды алаң болды.

Осындай кездесулер табиғатты сақтаудың маңыздылығын түсіндіріп, болашақ ұрпақтың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, оларды қоршаған ортаны қорғау ісіне тартудың тиімді жолы болып табылады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жас мамандарды қолдау мен олардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы игі бастамаларын табысты жалғастыруда. Соның бір айқын көрінісі – дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Жас оқытушы мектебі» жобасы. Биыл бұл бағдарлама «Жас оқытушы мектебі – 2025» атауымен 2024 жылдың 1 қарашасы мен 2025 жылдың 26 мамыры аралығында өткізілді.

«ЖАС ОҚЫТУШЫ МЕКТЕБІ – 2025» АЯҚТАЛДЫ!

Аталмыш жоба 1-3 жыл еңбек өтілі бар жас оқытушылардың педагогикалық шеберлігін шыңдауға, кәсіби дағдыларын дамытуға және заманауи білім беру талаптарына бейімделуіне бағытталды. Курстың тақырыбы – «Жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері». Бұл тақырып қазіргі білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен жаңа әдістемелік тәсілдерге арналып, жас педагогтардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік берді.

Біліктілікті арттыру курсы барысында қатысушылар лекциялар тыңдап, тренингтерге қатысып, пікір алмасу алаңдарында ойларын ортаға салды. Оқу үдерісінде интерактивті әдістер, цифрлық технологиялар, академиялық адалдық, студентпен тиімді байланыс орнату, сабақты жобалау мен бағалау әдістері кеңінен қамтылды. Жас оқытушылардың белсенділігі мен қызығушылығы, өз кәсібіне деген жауапкершілік танытуы бұл жобаның қажеттілігі мен тиімділігін тағы да дәлелдеді.

Курс соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Бұл құжаттар жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттырғанын растап, олардың келешек ғылыми-оқытушылық қызметінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар жас оқытушылар университет ішіндегі кәсіби қауымдастықтармен байланыс орнатып, болашақта өзара тәжірибе алмасуға жол ашты.

«Жас оқытушы мектебі» – тек біліктілікті арттыру алаңы ғана емес, сонымен қатар жас мамандардың әлеуетін ашуға, педагогикалық ортада сенімді орын алуына көмектесетін маңызды платформа. Университет басшылығы мұндай жобалар арқылы жас мамандардың кәсіби бейімделуін жүйелі түрде қолдап келеді.

Болашақта бұл бастама аясында жаңа бағыттар, арнайы тренингтер мен тәжірибелік семинарлар енгізу жоспарланып отыр. Бұл – жоғары білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ оқытушылар құрамының әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Жүз жыл... Тарих үшін – қас қағым сәт. Алайда халық жадында бұл – тұтас ғұмыр, бұл – сан тағдырдың, мыңдаған жүрек соғысының куәсі. Бүгін біз уақыт пердесін серпіп, өткеннің үнін тыңдауға жиналдық. Бұл – жай ғана еске алу емес, бұл – тағзым. Бұл – өткенге деген құрмет, болашаққа аманат.

Бүгін біз жүз жылдық кезеңді артқа тастап, ғасырлық ғұмырын ұстаздық жолға арнаған ардагеріміз – Меруерт Жолдықайырқызын еске алып отырмыз. Бұл күн – жай ғана уақыттың өтуі емес, шәкірт тәрбиесіне, ұлт болашағына өз үлесін қосқан дара тұлғаның ғұмыр жолына тағзым ету күні.

Меруерт Жолдықайырқызының есімі – тек бір адамның аты емес. Бұл есімнің әрбір әрпі – мыңдаған шәкірттің жүрегінде терең із қалдырған ұстаздың бейнесі, ғылым мен білімге деген шексіз адалдықтың, маңдай тердің, шәкірт тәрбиесіне деген жанашырлықтың белгісі. Ұстаздық жолды таңдаған Меруерт апамыз өзінің бар саналы ғұмырын кәсіби білім беру, ұстаздардың ұстаханасына айналған университетте педагог кадрларды даярлау жолында еңбек етіп, әрдайым жоғары парасатты адамгершілік иесі, ізгілігі жоғары жан ретінде барша ұрпақтың есінде қалды.

Меруерт Жолдықайырқызы 1925 жылы 17 наурызда Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданында дүниеге келген. Әке-шешесінен қатар айырылған Меруерт



«Әкем — университет, анам — кафедра»

апайымыз тағдырдың қиын-қыстау кезеңдерін басынан өткеріп, білім алып жетілді. Ол орта мектепті бітірісімен, облыстық радиодан диктор болып жұмыс істеді. Облыс халқына Кеңес Одағының фашистік Германияны жеңгенін алғаш рет хабарлаған да Меруерт Жолдықайырқызы. 1942 жылы Жымпиты қазақ орта мектебін бітірген соң, сол жылы Орал педагогикалық институтының тіл-әдебиет бөліміне оқуға түсіп, 1946 жылы диплом алған бойда білім ордасының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушылыққа қалдырылды. Және сол институтта зейнетке шықса да, қатардан қалмай дүниеден өткенге дейін еңбек етті.

Артында «Әкем – институт, анам – кафедра» деген қанатты сөз қалдырған Меруерт Жолдықайырқызы өмір тауқыметі мен тағдыр қыспағын көп көрсе де, қайсар қыз өмірбойы өзін-өзі қамшылап, еңбекте де, қоғамдық өмірде де алда болды. Бұл туралы Меруерт апайдың ұстазы Ғабдырахым Әбуханов былай деп еске алады:

«Меруерт сол жылдары, бота көзі от шашқан өте пысық шәкірттердің бірі еді. Қоғамдық жұмыста жанып тұрды. Орысшасы тәуір, адамға жанасты жан. Кафедраға қалдырылды. Тұрмыс тауқыметін тартқандықтан, ғылыммен айналысуға мүмкіндігі болмаса да, қайсар қыз қоғамдық өмірдің тыныс-тіршілігінен тысқара қалмады. Өршіл, талапшыл жас ғылымнан алмаған үлесін қоғамдық өмірде атқарған жұмыстары арқылы биік дәрежеге жеткізді. Әсіресе, студенттермен әдіскерлік бағытта шұғылданып, студенттердің практикасын ұйымдастыруда, тәрбие жұмысын жүргізуде табысты еңбек етті».

Әдіскер маман ретінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми конференцияларда ғылыми хабарламалар жасап, қалалық, аймақтық, республикалық семинарларда оқыту мәселесі төңірегінде үнемі ой бөлісіп отырды.

Меруерт Жолдықайырқызы 1965 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасына ізденуші болып тіркеліп, «Жай сөйлем түрлерін оқыту әдістемесі» тақырыбында ғылыми-зерттеу тақырыбын бекітіреді. Ғылыми кеңесші болып доцент Ибраһым Маманов белгіленген. Алайда, сол кездегі қиыншылық, тұрмыстың ауыртпалығы Меруерт Жолдықайырқызының ғылымға түпкілікті бет бұруына кедергі болды.

Ол институтта қызмет еткен жылдары Институт кәсіподағы төрағасының орынбасары, Мұғалімдер кәсіподағы Облыстық комитетінің тексеру комиссиясының мүшесі, Орал қалалық Халық депутаттары кеңесінің депутаты болып қоғамдық қызметтерді абыроймен атқарды.

Осы атқарған қызметтерінің нәтижесінде Қазақ КСР «Білім беру ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» медальдарының иегері сынды жоғары марапаттарға ие



болды. Республикалық ардагерлер ұйымының мерекелік медальдары апайдың зейнеткерлікке шықса да, еліміздің қоғамдық өміріндегі қоғамдық-саяси мәселелер мен жастар тәрбиесінен алшақ кетпей, сергектік танытып отырғанын айғақтайды.

Меруерт Жолдықайырқызы қоғамдық өмірде салауатты өмір салтын насихаттаған жандардың бірі ретінде әріптестері мен кейінгі шәкірттерінің арасында жарқын үлгі ретінде мойындалды. Ол Қазақстан, Ресей жоғары оқу орындарының оқытушыларының арасында өткізілген дойбы, шахмат ойындарының спартакиадасының бірнеше дүркін жеңімпазы атанды. Тіпті зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Меруерт Жолдықайырқызы университетішілік спорттық шараларды үнемі қолдап, қалыс қалған жоқ. Меруерт апайымыздың тік жүріп, ақ сөйлеп, жиындарда төгілтіп берген батасы біздің жадымызда мәңгі сақталып қалды. Оның есте сақтау жадының өте жоғары деңгейде болғанына баршамыз куә болдық. Кафедра отырыстарында соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ филологиясы

атты еске алу шарасы

кафедрасының қалыптасуын, ұстаздар мен студенттердің өмірін, жастар білмейтін ақпараттарды айтып, тағылымды жол көрсетіп отырушы еді. Оның бәрі қазір өткен күннің еншісінде қалды...

«Әкем – институт, анам – кафедра» деген Меруерт Жолдықайырқызы барша қазақтың баласына кәсіби білім мен тәрбие берумен қатар, өзінің отбасында ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді. Өзі жетпеген ғылымдағы биіктікті қыздары Ботағоз, Светлана, Дина Ибатқызы бағындырды. Олардың жетістікке жету жолында анасы Меруерт Жолдықайырқызының аналық мейірімі мен қолдауы болғаны анық. Ботағоз Ибатқызы – Батыс Қазақстандағы тұңғыш психология ғылымының кандидаты, доцент, Ресей ПГА-ның корреспондент-мүшесі болса, кенже қызы Дина – медицина ғылымының кандидаты дәрежесін алды. Өкініштісі, екі қызы да өмірден ерте өтті.

Қазіргі уақытта Меруерт Жолдықайырқызының артында қалған ұрпағы Светлана Ибатқызы апайдың шаңырағының отын сөндірмей, білікті дәрігер ретінде қызмет етіп, халықтың алғысына бөленіп келеді.

Ұстаздық туралы «Ұстаз болу өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген керемет тәмсіл бар. Ендеше, біздің кейіпкеріміз де өзінің уақытын аямаған, шәкірттері үшін саналы ғұмырын арнаған, ұстаз бақытына, адамдық биік парасаттың шыңына жеткен жан. Ол өзінің көзі тірісінде алдынан өткен әрбір шәкіртін туған жылы, ай-күнінен бастап, барлық мінез-құлқына дейін есіне алып әңгімелеп отырғанына талай куә болғанбыз. Апайдың талантты шәкірттері өте көп болды. Азулы ақындар Жанғали Набиуллин, Ғайсағали Сейтақ, айтыстың Шолпанжұлдызы атанған Шолпан Қыдырғиязова, қарымды қаламгерлер Рақымжан Отарбаев, Мұхадес Еслямғалиев, ғалымдар Серікқали Шарабасов, Абат Қыдыршаев, Отарәлі Бүркіт, Ұлдай Ержанова, Мира Шүйіншәлиева т.б. тізбектеуге болады. Бұлар елге белгілі тұлғалар ғана, бірнеше толқын буынды тәрбиелеген Меруерт Жолдықайырқызы Ұстаздар ұстаханасының бастауында тұрған ұстаздардың ұстазы деп зор мақтанышпен еске алып, құрмет тұтамыз.

Меруерт Жолдықайырқызы әрдайым есімізде сақтап, оның өмір жолын үлгі тұтамыз. Оның шәкірттері бүгінде қоғамның әр саласында еңбек етіп, ұстазының арманын жүзеге асырып жүр. Ұстаздың ең үлкен жеңісі де – осы. Меруерт апамыздың жарқын бейнесі мен ұстаздық қызметі бүгінгі ұрпақ үшін нағыз мәңгілік мұра болып қала береді.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі
декан орынбасары

2-5 июня 2025 года в Западно-Казахстанском университете имени Махамбета Утемисова прошла серия научно-методических мероприятий, объединивших учёных, преподавателей, магистрантов и студентов из разных регионов Казахстана, а также зарубежных партнёров. Ключевым событием стал визит профессора кафедры литературных, лингвистических и сравнительных исследований Университета Неаполя «L'Orientale» (Италия) Марины ди Филиппо.

ИТАЛЬЯНСКИЙ АКЦЕНТ АКАДЕМИЧЕСКОГО ДИАЛОГА: ВИЗИТ МАРИНЫ ДИ ФИЛИППО В ЗКУ

В рамках визита Марина ди Филиппо, преподавателя и исследователя из Университета Неаполя «L'Orientale», наша университетская команда смогла реализовать важные инициативы по укреплению международного академического диалога и развитию филологического направления. Встреча с руководством вуза — ректором Н.Х. Сергалиевым и проректором по научной работе и международным связям К.М. Ахмеденовым — заложила основу для дальнейшего сотрудничества и обмена опытом.

Одним из центральных событий стала научная дискуссия в формате круглого стола — «Современные вызовы и перспективы филологической науки в контексте глобализации: казахстанский и итальянский опыт», проведенное 2 июня, на котором специалисты из обеих стран обсудили актуальные вопросы развития лингвистики, педагогики и культурных исследований в условиях глобальных изменений. В рамках круглого стола выступили Марина ди Филиппо, Туймеш Даришева, Карлыга Утегенова, Гульнара Умарова, Эльмира Абузярова и студентка 4 курса Диана Назарук. Участники мероприятия обменялись опытом и идеями по развитию межкультурного диалога и лингвистического исследования; был представлен итальянский опыт в области сравнительной и исторической лингвистики. Круглый стол способствовал укреплению международного сотрудничества между казахстанскими и итальянскими научными кругами; развитию совместных проектов, публикаций и обмену студентами и научными сотрудниками.

Не менее значимой стала Республиканская научно-практическая конференция с международным участием «Русский язык и литература в современной образовательной среде: традиции, новации, методика». Представленные на пленарное заседание доклады Марины ди Филиппо (Италия), Асель Утегеновой (Актобе), Сауле Акбердиной (Алматы), Багдагуль Жаныбековой (Астана), Бакытгуль Шагимгереевой (Уральск), Нины Шагиевой (Уральск) вызвали живой отклик среди участников и подчеркнули



важность обмена научными и практическими результатами исследований в области лингвистики, литературоведения и методики преподавания русского языка. Выступление Марины ди Филиппо из Университета Неаполя добавило итальянский колорит в обсуждение методов обучения и межкультурной коммуникации. На конференцию были поданы заявки из пяти регионов Казахстана; международное участие обеспечено докладами итальянских и российских ученых. Столь многосторонний формат стал площадкой для обмена опытом, внедрения инновационных методов преподавания и поиска новых подходов к сохранению национальных культурных ценностей.

Особое место занял международный научно-методический семинар «Современные подходы к преподаванию русского языка и литературы в вузе и школе: от теории к практике», на котором выступили Марина ди Филиппо (Университет Неаполя «L'Orientale»), Самал Альмурзина (ЗКУ им. М. Утемисова), Елена Сусорова

(общеобразовательная школа № 23 города Уральска), Айгуль Бозбаева (ЗКУ им. М. Утемисова), Гульсара Каримова и Айымгуль Мурзашева (Школа-гимназия № 45 им. Д.Конаева города Уральска), Бибигуль Габдрахманова (школа-лицей № 41 города Уральска), Гульнар Ахметова (ЗКУ им. М. Утемисова). Семинар обеспечил профессиональный диалог между учителями школ и преподавателями вуза по вопросам актуальных изменений в преподавании русского языка и литературы, внедрения новых технологий и повышения качества образования. Мероприятия вызвали большой интерес педагогического сообщества, были высказаны пожелания проводить совместные встречи по обмену опытом как можно чаще.

Культура и история — неотъемлемая часть диалога. В ходе визита Марина ди Филиппо посетила дома-музеи А.С. Пушкина и Е.Пугачёва, а также историко-краеведческий музей Западно-Казахстанской области. Эти экскурсии подчеркнули богатство культурного наследия

региона и напомнили о значимости литературной памяти в развитии национальной идентичности.

Заключительным мероприятием стало литературное событие «Однажды Болдинской осенью», посвящённое дню рождения Александра Сергеевича

Пушкина — великого поэта, ставшего символом русской словесности. Студенты, преподаватели и гости университета собрались, чтобы отдать дань памяти «солнцу русской поэзии». Прозвучали стихотворения А.С.Пушкина на казахском, русском, итальянском, английском, французском и немецком языках. Выступления Марины де Филиппо, Гульнары Ахметовой (ст.преподаватель), Майлкуын Бахтияра и Орынгалы Максат (студенты ОП «Подготовка учителей иностранных языков и литературы»), Юлия Ким, Абылай Садыков, Нурайым Алибекова, Асият Шарапутынова, Надежда Бурнашева (студенты ОП «Подготовка учителей по языкам и литературе», Асия Темирболат (ученица 8 класса Каратобинской школы-гимназии; руководитель — учитель русского языка и литературы Лаззат Кыдыргожина). Завершилось мероприятие торжественным возложением цветов к памятнику А.С.Пушкина Мариной ди Филиппо и проректором ЗКУ им. М.Утемисова по воспитательной работе и социальным вопросам Мергеном Сулейменовым. Этот вечер стал мостом между русской классикой и современными поколениями, укрепляя культурные связи.

Насыщенная программа мероприятий показала не только высокий научный уровень участников, но и подчеркнула открытость Западно-Казахстанского университета к международному сотрудничеству, диалогу культур и поиску новых образовательных инициатив. Визит Марины ди Филиппо стал символом академического партнёрства, в котором гуманитарное образование выходит за пределы границ и языков. Взаимное обогащение знаниями и идеями позволит нам не только сохранить традиции, но и развивать инновационные подходы к филологическому образованию, делая его более гибким и актуальным в условиях глобализации.

Карлыга УТЕГЕНОВА,
к.п.н, доцент ОП «Подготовка учителей по языкам и литературе»

Найля КУЖБАНОВА,
магистр пед.наук, преподаватель ОП
«Подготовка учителей по языкам и литературе»

Менің шетелдегі тәжірибем: өмірімді өзгерткен сапар

Шетелдік студенттермен араласу маған мәдениетті түсінуге және өз елімді танытуға мүмкіндік берді. Бұл бағдарламаның тағы бір ерекше артықшылығы — саяхат. Мен осы сапар барысында Еуропадағы 12-ден астам елді араладым. Әр ел — ерекше тарих, ерекше мәдениет. Өз көзіңмен көру — бұл оқулықтан оқығаннан әлдеқайда әсерлі. Біз достарымызбен бір үйде тұрдық, бірге тамақ жасап, тұрмыстық мәселелерді шешіп, өмірлік достарға айналдық. Сол сәттер мен үшін баға жетпес тәжірибе болды. Мен өз бетіммен өмір сүруді, достармен тіл табысуды, қиындықтарға мойымауды үйрендім. Сондай-ақ, бұл сапар маған өз хоббиім — спортты дамытуға жол ашты. Мен 10 жылдан бері баскетболмен айналысамын, және шетелде өз шеберлігімді көрсету, жат елдегі ойыншылармен тәжірибе алмасу

Академиялық мобильдік бағдарламасы — бұл тек оқу емес, бұл өмір мектебі. Осындай мүмкіндікті маған ұсынған Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетіне алғысым шексіз! Басқа жоғары оқу орындарында мұндай бағдарлама жоқтың қасы, ал бізде бар — бұл үлкен мақтаныш. Мен — Гумарова Камила Бейбітқызы, шетелге ең алғаш болып аттанған студенттердің бірімін. Қазіргі таңда үшінші курста оқимын. Бұл сапар менің өмірімді түбегейлі өзгертті. Шетелдік университеттегі оқу жүйесі мүлде өзгеше: пәндер қызықты, оқытушылардың көзқарасы заманауи, сабақтар интерактивті түрде өтеді. Мен тек академиялық білім алып қана қоймай, өзімді жаңа жағынан таныдым. Жаңа пәндер, жаңа тілдік орта, жаңа достар — бәрі менің дүниетанымды кеңейтті.

— ерекше ләззат болды. Спорт арқылы тіл кедергісін де ұмытасың, өйткені доп, шабыт пен команда — бәрін біріктіреді. Бұл сапар — менің өмірімдегі ең жарқын, ең бағалы кезеңдердің бірі болды. Мен өзіме сенімдірек болдым, жаңа мақсаттар қойдым, ал ең бастысы — өз университетіме деген ризашылығым еселенді. Осындай мүмкіндікті сыйлағаны үшін мен өзімнің

сүйікті оқу ордама алғыс айтқым келеді. Академиялық мобильдік — бұл тек шетелде оқу емес. Бұл — өсудің, дамудың, өзіңді табудың жолы. Егер сізде мұндай мүмкіндік туса — бір секунд та ойланбаңыз. Бұл сапар сіздің болашағыңызды қалыптастырады. Менің болашағым да дәл сол сапардан басталды.

Камилла Гумарова,
ИЯ-33 тобы



Біле білсек, шешендік – жастар сәні, көшбасшы тұлға мәні, кәсіби маман сөзінің дәні емес пе. Шешендік - адам көркі де. Шешендік – тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Шешендік өнер - адам өмірінің әрқилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретінде сөз сөйлеу сиқырына ие болғызатын шын мәнінде адамның құдіреттілігін танытатын көпқырлы ілім. Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысынсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Мәселен, зиялы адамның татымсыз да нашар сөйлеуі - сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей. Ал білім беру саласын шешендіксіз елестету мүмкін емес. Мұғалім сөзі – оқыту мен тәрбие құралы. Мұғалімге сөз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкіртінің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек. Кәсіби маманның ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шебер экспромт сөз сөйлей білу – сәттілік көзі. Шешен сөйлеу мәдениеті өзектілігінің бір қыры осында. Демек, шешендік дағды – табыс кепілі, ақылмен билеу білігі. Профессор Абат Қыдыршаевтың «Іскерлік шешендіктану» атты оқу құралы аса өзекті әрі керекті осы мәселеге арналған.

Шешендік өнерді меңгеру – табыс кепілі. Бұл оқу құралы – көзге түсу үшін емес, тыңдар құлақ үшін тиімді сөз сөйлеу туралы. Кімдердің құлағы үшін? Қандай құлақтар үшін? Алғашқы кезекте өзіміздің құлағымыз үшін дер едік. Сіз не айтып тұрғаныңызды, ең алдымен, өзіңіз естуіңіз керек. Өзіндік ой-пікіріңізді жария қылып тұрған өз дауысыңызға таң қалмаңыз. Өз тыңдаушыларыңыздың құлағын назарға ұстаңыз. Кімде-кім оқу сәтінде қателесіп кетсе, қашан да сол тұсқа кері оралып, дұрыстап қайтадан оқи алады. Ал тыңдаушы бұлай істей алмайды. Тыңдаушыға хабарды жеткізу – кәсіби шешен ісі. Ұсынылып отырған оқу құралында осы тұсқа басымдық берілуі ұнамды.

Жалығып кеткен жағдайда не қызықсыз болып жатса оқырманға өзі оқып жатқан дүниесін кері ысырып қоя салуға қашан да болады. Ал аудитория жалыққан жағдайда не қызықсыз болса, тыңдаушы Сізді тыңдауды қойып, мүлдем басқа нәрсені ойлары хақ. Бұл ретте оңтайлысы – өзіндік идеяларыңызды тыңдар құлаққа жағымды және назар аударуды қажет ететін жанды дауыспен жеткізіп айтуға ұмтылу. Егер де Сіз хабарламаңызды динамикалық қалыпта ұсына алмасаңыз, онда оны компьютерге теріп бастыра отырып, электронды пошта арқылы жолдауға болар еді. Ал егер Сіз сөйленер сөзіңізді эмоциональды қалыпта юмор араластыра қысқа түрде жеткізе алсаңыз, аудитория – Сіздікі. Оқу құралының құндылығы да – осы арнада.

Автордың оқу құралында барынша қысқа да нұсқа сөйлемдермен, нақыл-ақыл сөздермен мейілінше жинақы қайыруға ұмтылғаны назар аудартады. Оқу құралы көрер көз үшін емес, тыңдар құлақтар үшін әзірленген. Көпшілік жағдайда сөйленген сөз жазып алғандай естіліп жатары сөзсіз. Дұрысы – қандай үлкен аудиторияның алдында сөйлегенде де күнделікті сөйлеген қалыптағыдай болу. Тәжірибе көрсеткендей, қаламмен, қарандашпен, қағазбен өткізген ұзақ уақыт көпшілік алдында табысқа жетуге кепілдік бере алмайды. Сөйлеу сәтінде қағазға жазылған әдемі сөздерді қолдану міндетті емес. Бұл ретте оқу құралы – іскер мамандардың аудиторияда, мәжіліске арналған залдарда сөйлеген сөздері мен шаршы топ алдындағы шешендік тәжірибелерінің жиынтығы. Аталмыш оқу құралы өте бір ұтымды ұйымдастырушылық әдістер жүйесін жинақтай алған деп білеміз. Бұл әдіс көбірек сөйлеп, азырақ жазу ұстанымына негізделген. Сондай-ақ кәсіби шешеннің жеке ерекшелігі мен өзіне сенімділігін қалыптастыруға ұмтылысы баса ескерілген.

Демек, кез келген істің нәтижелі

2025 жылы маусым айының 13-і күні Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында (Алматы қаласы) Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Іскерлік шешендіктану» (27,0 баспа табақ) кітабының тұсаукесері өтті. Аталмыш кітап «Болат-Медиа» мекемесінің баспаханасында жарық көрген.

ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАДА ӨТКЕН ТҰСАУКЕСЕР



болуы іскер маманның ақылға қонымды аргументтердің баршасын да, әсіресе, өзіндік дауыс сазы секілді ерекше мәнді құралды құбылта қолдана білуіне бірден-бір байланысты. Еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейілінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспетті іскери шешендіктану қағидаларының сан алуанымен таныстырады. Оқу құралының «Іскерлік шешендік табиғаты», «Афоризм - тілсіз тәлімгер» атты тарауларында «Іскерлік қарым-қатынас әдебі», «Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды», «Іскер маманныңтыңдау білігі», «Аудиториямызды тани білеміз бе?», «Іскер маманның сөйлеу мәдениеті», «Іскер маманның сөйлеу логикасы», «Шебер экспромт сөз сөйлей білу - сәттілік көзі», «Іскер маманның сөз сөйлеу сәті», «Бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынасыңыз қалай?», «Телефонмен сөйлесе білеміз бе?», «Тағам үсті іскерлік қалып», «Айтар нақылы жоқтың табар ақылы жоқ», «Ақ бата - қасиетті тұмар», «Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ», «Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта», «Сөйлесу - бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат», «Аз сөйлер де көп тыңдар хас асылдың баласы», «Тыңдай білу - ұлылық»,

«Ымға түсінбеген дымға түсінбейді», «Бойда қайрат, ойда көз, болмаған соң айтпа сөз», «Шешендік - ақылмен билеу өнері», «Шешен сол - сөйлер сөзден қамалмаса», «Шаршы топта сөз бастау қиын» сияқты т.б. бөлімдер қамтылған. Еңбек бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге және барлық деңгейдегі басшыларға арналған.

Аталған кітап тұсаукесерінің модераторы «Болат-Медиа» мекемесінің басшысы, Халықаралық «Махамбет» қорының төрағасы, баспагер, профессор **Болат Батырұлы** болды. Алатау баурайында Алматы қаласының төрінде өткен тұсаукесерде «Іскерлік шешендіктану» кітабы бойынша пікір айтушылар реті төмендегіше: **1. Кітап - көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа маржан. Нұрғалиева Ғазиза Құдайбергенқызы**, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры; **2. Жаратқанның бір өміршісі – сөз. Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлұлы**, Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы; **3. Ірі сөзге ізетті жауап. Құсайынов Асқарбек Қабікенұлы**, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының Президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик; **4. Айтар нақылы жоқтың**

табар ақылы жоқ. Дүйсебек Әділхан Төлегенұлы, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі; **5. Дұрыс сөйлей білу – өмірде жетістікке жетудің ең қысқа жолы. Балтабаева Жаңалық Қылышқызы**, Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы; **6. Шебер экспромт сөз сөйлей білу – сәттілік көзі. Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызы**, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы; **7. Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат. Нұрдаулет Ақыш**, Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор; **8. Аз сөйлер де көп тыңдар хас асылдың баласы. Ертай Айғалиұлы**, «Қазақстан дәуірі» халықаралық газетінің бас редакторы, Қазақ журналистикасының қайраткері; **9. Сөзге сақ болу – шешендіктен де асқақ. Мұхтар Қазыбек**, жазушы-публицист, тарихшы, зерттеуші, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері; **10. От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз. Бегалиева Рауан Нармаханқызы**, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор (Шымкент); **11. Дәлелсіз сөз желмен тең. Кенжебаев Ғабит Қапезұлы**, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, тарих факультетінің деканы.

Аталған ғалым-шешендер «Іскерлік шешендіктану» еңбегінің ғылыми-тәжірибелік құндылығын жоғары бағалады. Өз тұсында сөз алған еңбек авторы профессор **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев** әріптестеріне, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің студенттеріне жүрекжарды алғысын білдіріп, ҚР Ұлттық кітапханасына, «Ділмар» үйірмесі мүшелеріне тұсауы кесілген кітабын сыйға тартты.

Тұсаукесер түйінін «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды» тақырыбында «Болат-Медиа» мекемесінің басшысы, Халықаралық «Махамбет» қорының төрағасы, профессор **Болат Батыр** жасады.

Ермек ЖЕМЕНЕЙ,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
ғалым-публицист, тәлімгер ұстаз



М.Өтетісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**БҚУ-нағыз әлемдік стандартқа
жауап беретін жоғары білім кепілі!**

БҚУ-бұл:

- кадрларды дайындауда 90 жылдан астам тәжірибе;
- институционалды аккредиттеу және аккредиттелген білім беру бағдарламалары (мамандықтар);
- жоғары білікті оқытушылар мен түлектер;
- 8 оқу ғимараты, спорт сарайы, экология және биогеохимия сынақ зертханасы, арнайы жабдықталған оқу бөлмелері;

- лимитсіз интернетке қол жеткізетін локальды жүйемен біріктірілген робот техникасы зертханасы, мультимедиялық сыныптар;
- бай ғылыми кітапхана (1 млн. астам кітап сақтау қоры);
- 1000 орындық 4 студенттік жатақхана, 4 типтік спорт зал, 2 ашық спорт алаңы, агробиостанция;
- Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және АҚШ университеттерімен білім беру бағдарламалары бойынша студенттер алмасу (академиялық ұтқырлық);
- әскери кафедра;

Білім беру бағдарламалары тобының коды мен атауы/бейіндік пәндер

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

- 6B01103 Психология (IP)
(биология + география)
- 6B03105 Психология
(биология + география)
- 6B01201 Мектепке дейінгі оқыту (IP)
(биология + география)
- 6B01303 Бастауышта оқыту (IP)
(биология + география)
- 6B01408 Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы
(ҚР тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B01409 Дене шынықтыру және спорт (IP)
(ҚР тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B01803 Әлеуметтік педагогика (IP)
(биология + география)

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

- 6B01715 Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)
(қазақ тілі + қазақ әдебиеті)
- 6B01724 Қазақ тілі мен әдебиеті,
ағылшын тілі
(қазақ тілі + қазақ әдебиеті)
- 6B02301 Филология: қазақ филологиясы
(қазақ тілі + қазақ әдебиеті)
- 6B03207 Кітапханалық-педагогикалық
қызмет
(қазақ/орыс тілі + қазақ/орыс әдебиеті)
- 6B01717 Орыс тілі, ағылшын тілі,
әлем әдебиеті
(орыс тілі + орыс әдебиеті)
- 6B02302 Филология: орыс филологиясы
(орыс тілі + орыс әдебиеті)
- 6B01713 Ағылшын тілі (IP)
(шетел тілі + дүниежүзі тарихы)

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

- 6B01534 Химия (IP)
(химия + биология)
- 6B01521 Химия-Биология
(химия + биология)
- 6B05301 Химия
(химия+биология)
- 6B01533 Биология (IP)
(биология+химия)

- 6B01522 Биология – География
(биология+химия)
- 6B01532 Биология-Психология
(биология+химия)
- 6B05201 Экология
(биология+география)
- 6B01519 География (IP)
(география + дүниежүзі тарихы)
- 6B01523 География – Тарих
(география + дүниежүзі тарихы)
- 6B05204 География
(математика + география)

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

- 6B01520 Математика (IP)
(математика + физика)
- 6B01524 Математика – физика
(математика + физика)
- 6B01525 Математика – информатика
(математика + физика)
- 6B01536 Физика (IP)
(физика + математика)
- 6B01528 Физика – информатика
(физика + математика)
- 6B01518 Информатика және
робототехника
(математика + информатика)
- 6B06102 Ақпараттық жүйелер
(математика + информатика)
- 6B06103 Есептеу техникасы және
бағдарламалық қамтамасыз ету
(математика + информатика)

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

- 6B01602 Тарих-қоғамтану (IP)
(дүниежүзі тарихы + география)
- 6B02202 Тарих, мұрағат ісі және
мұражайтану
(дүниежүзі тарихы + география)
- 6B03101 Әлеуметтану
(математика + география)
- 6B03103 Аймақтану
(дүниежүзі тарихы +
шетел тілі)

- 6B03102 Халықаралық қатынастар
(дүниежүзі тарихы + шетел тілі)
- 6B04102 Экономикалық қауіпсіздік
(математика + география)
- 6B04106 Мемлекеттік және жергілікті
басқару
(математика + география)
- 6B04108 Экономика және менеджмент
(математика + география)
- 6B04104 Есеп және аудит
(математика + география)
- 6B04105 Қаржы
(математика+география)
- 6B04107 Маркетинг және бизнес
(математика + география)
- 6B04201 Құқықтану
(дүниежүзі тарихы + құқық негіздері)
- 6B04203 Құқық қорғау қызметі
(дүниежүзі тарихы+құқық негіздері)
- 6B04204 Кәсіпкерлік қызметті
құқықтық реттеу
(дүниежүзі тарихы+құқық негіздері)
- 6B11101 Туризм
(география + шетел тілі)

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

- 6B01413 Музыкалық білім (IP)
бағдарламасы
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B01412 Көркем білім (IP)
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02129 Аспаптық
орындаушылық

- (Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02102 Вокалдық өнер
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02125 Дәсүрлі-музыкалық өнері
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02104 Режиссура
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02126 Актерлік өнер
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02105 Хореография
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02108 Сән және костюм дизайны
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B02109 Интерьер дизайны
(Қазақстан тарихы+Оқу сауаттылығы;
2 шығармашылық емтихан)
- 6B11102 Мәдени-тынығу жұмысы
(Қазақстан тарихы+Оқу
сауаттылығы;
2 шығармашылық
емтихан)

ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМДЕРІ:

Шығармашылық
емтиханға өтініш
қабылдау –
20 маусым – 7 шілде
Шығармашылық
емтихан – **8-15 шілде** (грантқа
аралығында өткізіледі, **1-15 тамыз**
(ақылы бөлімге) аралығында өткізіледі
Грант конкурсы – **13-20 шілде**

Арнаулы емтихан (педагогика саласы бойын-
ша БББ түсушілерге) – **20 маусым-20 тамыз**
Қабылдау емтиханы (әңгімелесу) – **15 және 20 тамыз**
Университетке қабылдау мерзімі – **10-25 тамыз**

БІЗ СІЗДІ МЫНА МЕКЕН-ЖАЙ БОЙЫНША КҮТЕМІЗ:

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 162,
тел.: 8 (7112) 50-44-20; 87715355516, 87051694030

Instagram: makhambet.university, bqu_resmi

Біздің сайт: a.wku.edu.kz

Электрондық пошта: priem_zku@mail.ru

Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова

ЗКУ - это качество, проверенное временем, ключ к успеху в будущем!

ЗКУ - это:

- более 90 лет опыта подготовки кадров;
- институциональная аккредитация и аккредитованные образовательные программы (специальности);
- высокий профессионализм преподавателей и выпускников;
- 6 факультетов и 8 учебных корпусов;
- Испытательная лаборатория экологии и биогеохимии, специализированные

учебные кабинеты, дворец спорта, спортивные залы;

- мультимедийные классы, объединенные в локальную сеть с безлимитным доступом в Интернет.
- богатейшая научная библиотека;
- студенческие общежития;
- академическая мобильность с университетами Европы, Юго-Восточной Азии и США
- военная кафедра;

Код/наименование образовательной программы/профильные предметы

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

- 6B01103 Психология (IP)**
(биология+география)
- 6B03105 Психология**
(биология+география)
- 6B01203 Дошкольное образование (IP)**
(биология+география)
- 6B01303 Начальное образование (IP)**
(биология+география)
- 6B01408 Начальная военная и физическая подготовка**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B01409 Физическая культура и спорт (IP)**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B01802 Социальная педагогика и педагог-ассистент**
(биология+ география)

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

- 6B01724 Казахский язык и литература, английский язык**
(казахский язык + казахская литература)
- 6B01715 Казахский язык и литература (IP)**
(казахский язык + казахская литература)
- 6B02301 Филология: казахская филология**
(казахский язык + казахская литература)
- 6B01717 Русский язык, английский язык, мировая литература**
(русский язык+русская литература)
- 6B01716 Русский язык и литература в школах с русским и нерусским языками обучения (IP)**
(русский язык+русская литература)
- 6B02302 Филология: русская филология**
(русский язык+русская литература)
- 6B03207 Библиотечно-педагогическая деятельность**
(казахский/русский язык+казахская/русская литература)
- 6B01714 Иностранные языки (IP)**
(иностранный язык+всемирная история)

ЕСТЕСТВЕННО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

- 6B01534 Химия (IP)**
(химия + биология)
- 6B01521 Химия-Биология**
(химия + биология)
- 6B01533 Биология (IP)**
(биология+химия)
- 6B01532 Биология-Психология**
(биология+химия)
- 6B01522 Биология – География**
(биология+химия)
- 6B01519 География (IP)**
(география+всемирная история)
- 6B01523 География-История**
(география+ всемирная история)

- 6B05301 Химия**
(химия + биология)
- 6B05201 Экология**
(биология+география)
- 6B05204 География**
(математика + география)

ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

- 6B01520 Математика (IP)**
(математика + физика)
- 6B01524 Математика – физика**
(математика + физика)
- 6B01525 Математика – информатика**
(математика + информатика)
- 6B01536 Физика (IP)**
(физика + математика)
- 6B01528 Физика – информатика**
(физика +математика)
- 6B01517 Информатика (IP)**
(математика +информатика)
- 6B01518 Информатика и робототехника**
(математика + информатика)
- 6B06102 Информационные системы**
(математика +информатика)
- 6B06103 Вычислительная техника и программное обеспечение**
(математика + информатика)

ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, ЭКОНОМИКИ И ПРАВА

- 6B01602 История-обществознание (IP)**
(всемирная история + география)
- 6B02202 История, архивное дело и музееведение**
(всемирная история + география)
- 6B03102 Международные отношения**
(всемирная история + иностранный язык)
- 6B04202 Юриспруденция**
(всемирная история + основы права)
- 6B04203 Правоохранительная деятельность**
(всемирная история + основы права)
- 6B04204 Правовое регулирование пред-принимательской деятельности**

- (всемирная история + основы права)
- 6B03101 Социология**
(математика + география)
- 6B03106 Регионоведение**
(всемирная история + иностранный язык)
- 6B04102 Экономическая безопасность**
(математика +география)
- 6B04111 Учет и аудит**
(математика +география)
- 6B04105 Финансы**
(математика +география)
- 6B04106 Государственное и местное управление**
(математика + география)
- 6B04114 Маркетинг и бизнес**
(математика + география)
- 6B04108 Экономика и менеджмент**
(математика +география)
- 6B11101 Туризм**
(география + иностранный язык)

ФАКУЛЬТЕТ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА

- 6B01413 Музыкальное образование (IP)**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B01412 Художественное образование (IP)**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)

- 6B02129 Инструментальное исполнительство**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02102 Вокальное искусство**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02125 Традиционно-музыкальное искусство**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02104 Режиссура**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02126 Актерское искусство**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02123 Moda и дизайн костюма**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02105 Хореография**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B02124 Дизайн интерьера**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)
- 6B11102 Культурно-досуговая работа**
(История Казахстана+Грамотность чтения; Два творческих экзамена)

СРОКИ ПРИЕМА:

Прием заявлений на творческие экзамены – **20 июня – 7 июля**

Творческие экзамены – **8 – 15 июля**

Конкурс на грант – **13-20 июля**

Специальные экзамены (для поступающих на ОП педагогического направления) **20 июня-20 августа**

Вступительный экзамен (собеседование) – **15 и 20 августа**

Зачисление в университет – **10-25 августа**

МЫ ЖДЕМ ВАС ПО АДРЕСУ:

г.Уральск, пр. Н.Назарбаева, 162
тел.: 8 (7112) 50-44-20; 87715355516, 87051694030

Instagram: makhambet.university, bqu_resmi

Наш сайт: a.wku.edu.kz

Электронная почта:

priem_zku@mail.ru



ЖАС МАМАНДАРҒА АРНАЛҒАН

2024-2025 оқу жылынан бастап университетімізде жас мамандарға арналған керемет бастама жүзеге асты. Жоғары білім беру саласында үлкен тәжірибесі бар, білікті ұстаздар бізге, жас оқытушыларға – өздерінің әдіс-тәсілдерін үйретіп, шын мәнінде құнды тәжірибелерімен бөлісті.

Атап айтсақ, «Жоғары мектеп оқытушысының дәріс оқу шеберлігі» – М.Н.Сдыков, ҚР тарихы кафедрасы, профессор, тарих ғылымдарының докторы, «ЖОО-дағы семинар және практикалық сабақтарды өткізудің әдістемесі» – Ж.К.Муханғалиева, ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, «Жоғары мектепте оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа технологиялары» – Г.Г.Капанова, педагогикалық шеберлік орталығының тренері, «Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби педагогикалық мәдениеті» – А.С.Ниетова, тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистрі оқу үрдісінде пайда болатын

жағдаяттармен бөлісіп, оларды бірге талқылады.

Бұл бағдарлама аясында біз тек теориялық білім алып қана қоймай, нақты оқу үдерісінде кездесетін қиындықтар мен олардың шешу жолдарын жан-жақты талқыладық. Әсіресе, лекция мен практикалық сабақтардың құрылымы, олардың бір-бірінен айырмашылығы мен өзара байланысы туралы мағлұматтар біз үшін ерекше маңызды болды. Әрбір сабақтың студенттің ойлау, қабылдау және талдау қабілетін дамытудағы рөлі туралы түсінігіміз тереңдеді.

Мен үшін ерекше әсер қалдырған ұстаз – Утегенова Карлыға Тасқалиқызы. Оның сабақты ұйымдастыруда қолданатын әдістері, заманауи технологиялармен

шебер үйлестіріп оқытуы мені бірден баурап алды. Ол тек білім беріп қана қоймай, сабақ беру – бұл шығармашылық процесс екенін нақты көрсетті. Карлыға Тасқалиқызының үйреткен әдістерін мен өз сабағымда қолдана бастадым. Соның нәтижесінде студенттермен қарым-қатынасым жақсарып, сабаққа деген қызығушылықтары да артты. Белсенді әдістер, топтық жұмыстар, кері байланыс тәсілдері мен заманауи цифрлық платформалар – бүгінгі студентке қажет құралдар екенін нақты түсіндім.

Бір жыл бойы өткен бұл сабақтар маған үлкен сенім беріп, кәсіби жолымды сенімді бастауға зор септігін тигізді. Теория мен практиканы ұштастырып, заманауи талаптарға сай білім берудің маңызын

ұғындым. Бұл бастаманы ұйымдастырған университет басшылығына және өз тәжірибесін аямай бөліскен ұстаздарымызға алғысым шексіз.

Болашақта біз де жинақтаған тәжірибемізді келесі буын жас мамандармен бөлісуге дайынбыз. Себебі білім беру – бұл үнемі жалғасатын эстафета, оны берік ұстайтындар – нағыз ұстаздар.

«Жас оқытушылар мектебі» курсының жас мамандары тарапынан курсты ұйымдастырған университеттің әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімінің қызметкерлеріне ерекше алғысымызды білдіре отырып, алдағы уақытта осындай пайдалы курстарды көбірек ұйымдастыруға ұсыныс білдіреміз!

Н. У. ЕРГАЛИЕВА,

Тіл және әдебиет мамандарын даярлау БББ

Жас оқытушылар мектебі – кәсіби дамудың баспалдағы

Білім саласы – үнемі жаңарып, үздіксіз даму үстіндегі сала. Осы орайда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің ұйымдастыруымен «Жас оқытушы мектебі: жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері» курсы – жас мамандардың кәсіби шыңдалуына бағытталған маңызды бастама. Бұл курс жас оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жетілдіріп, оларды заманауи білім беру үрдісіне бейімдеуге ықпал етеді.

Курс барысында жас мамандар оқыту әдістемесінің қыр-сырын меңгеріп, оқу процесін тиімді ұйымдастыру, цифрлық білім ресурстарын пайдалану, ғылыми-зерттеу жұмыстарына алғашқы қадам жасау, академиялық адалдық және білім берудегі инновациялық тәсілдер жөнінде терең білім алдық. Сонымен қатар, тәлімгерлік жүйе арқылы тәжірибелі оқытушылардан кәсіби қолдау алып, оқу үдерісінде кездесетін түрлі қиындықтарды еңсеру жолдарын үйрендік.

«ЖОО-дағы семинар және практикалық сабақтарды өткізудің әдістемесі» – Т.Т.Мақсотова, «Жоғары мектеп оқытушысының дәріс оқу шеберлігі» – Б.С.Боранбаева, «ЖОО-дағы семинар және практикалық сабақтарды өткізудің әдістемесі» – педагогикалық шеберлік орталығының тренері, Г.Г.Капанованың практикалық сабақтарында жаңа әдістер мен жаңа технологияларды сабақта қолдану, топтық жұмыстарды ұйымдастыру, студентке білім берумен қатар шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілдері түсіндірілді. Сонымен қатар ғылым саласында жүрген жастарымызға қалай мақала, монография жазу, SCOPUS-қа материалдарды жүктеу, мемлекеттен



бөлінетін ғылыми жобаларды қалай қаржыландыру сияқты ауқымды сұрақтарға М.Г. Какишевтің дәрісі көп септігін тигізді.

Жалпы курс көлемі 72 сағатты құрады. Осы берілген уақыт ішінде жас маман ретінде бар біліміміз шыңдалып, жаңа

әдіс-тәсілдерді игеріп, мол тәжірибе жинақтадық.

Курс аясында ұйымдастырылатын тренингтер, семинарлар мен шеберлік сабақтары жас оқытушыларға тек кәсіби ғана емес, сонымен қатар тұлғалық даму бағытында да үлкен серпін береді. Педагогтың бойындағы көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, студентпен дұрыс қарым-қатынас орнату, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру – бұл мектептің басты міндеттерінің бірі.

Университет басшылығының бұл жобаны жүйелі түрде қолдауы және жүзеге асыруы – білім сапасын арттыруға деген ұмтылыстың айқын көрінісі. «Жас оқытушылар мектебі» – жоғары білім беру кеңістігінде жаңашылдыққа бастар жол, кәсіби тұрақтылық пен біліктілікке жетелейтін ұтымды алаң.

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дің бұл бастамасы – еліміздегі жоғары білім сапасын арттыруға қосылған елеулі үлес. Жас оқытушылардың білікті де жаңашыл маманға айналуы – осы курстың негізгі нәтижесі. Білім мен ғылым жолында нық қадам басқан жас ұстаздар ертеңгі ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосары сөзсіз.

«Жас оқытушы мектебі» курсын ұйымдастырған әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөліміне, профессор-оқытушылар құрамына алғысымды білдіргім келеді.

Н.С. ЕРЖАНОВА,

Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта БББ оқытушысы, магистр

Жас оқытушылар мектебі: кәсіби дамудың жаңа мүмкіндігі

Университетімізде жас мамандарды қолдау мақсатында әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімі ұйымдастырған “Жас оқытушылар мектебі” курсы біз үшін үлкен тәжірибе алаңы болды. Көлемі 72 сағат болған бұл курс жас оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыруға бағытталған арнайы бағдарлама негізінде жүргізілді. Курстың әрбір күні біз үшін тың жаңалықтар мен маңызды тәжірибелерге толы болды. Алғашқы сабақта А.А.Кульжумиева ЖОО-дағы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырса, А.С.Ниетова жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби педагогикалық мәдениеті жайында тәлімге толы сабақ өтті.

ЖОО тәжірибелі ұстаздары бізге әр апта сайын дәріс оқып, құнды кеңестерімен және практикалық дағдыларымен бөлісті. Г.Г.Мухамбетова ЖОО-дағы семинарлар мен практикалық сабақтарды жаңа электронды платформалар мен гаджеттегі chatgpt, mentimeter, joyteka т.б. бойынша бізге қызықты сабақ өтті. Заман талабына сай оқытушы болу үшін сабақ барысында білім беру үдерісіндегі заманауи әдіс-тәсілдерді меңгере отырып, студенттермен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын үйрендік. Топпен жұмыс істеу және бірлесе шешім қабылдау дағдыларын дамыттық. Курстың практикалық бөлімінде нақты мәселелерді шешу жолдарын үйрендік.

Уақытты дұрыс жоспарлау, мотивация беру, аудиторияны басқару сияқты маңызды дағдыларды жетілдірдік. Әріптестерімізбен тәжірибе алмасу арқылы өзара қолдау мәдениетін қалыптастырдық.

Г.С.Абугалиева мен С.Н.Ерниязова «Жоғары мектептегі оқыту әдістері», «Педагогикалық технология» тақырыптарында практикалық сабақтар өтіп, өз кәсіби жолымызды саналы түрде құруға көмектесті. Жас оқытушылар мектебінде алған біліміміз бен тәжірибеміз бізді өз ісімізге жаңа көзқараспен қарауға итермеледі. Сабақ беру барысында кездесетін қиындықтарды тиімді шешу жолдарын меңгердік. Әрбір сабақ кәсіби

өсуге деген ынтамызды арттырды. Курс аясында біз жеке даму жоспарымызды құрып, болашақ мақсаттарымызды айқындадық. Университет ұжымы тарапынан көрсетілген қолдау бізге зор шабыт берді. Жас оқытушылар мектебі біз үшін тек білім мен тәжірибе көзі ғана емес, сонымен қатар кәсіби қауымдастықтың бір мүшесі ретінде қалыптасу мүмкіндігі болды. Білікті мамандардан үйрену бізге мол сенім сыйлады. Курстың мазмұны жан-жақты әрі заманауи талаптарға толық сай болды. Әрбір тренинг, әрбір дәріс бізге кәсіби жауапкершілікті терең сезінуге ықпал етті.

Жас оқытушылар мектебінде біз сабақ беру әдістемесін жаңашыл тұрғыда

дамыту қажеттігін түсіндік. Қиындықтардан қорықпай, оларды мүмкіндіктерге айналдыру керектігін ұғынып, өзіміздің кәсіби дамуға ұмтылуымызды одан әрі күшейттік. Әрбір алған білімімізді күнделікті жұмысымызда қолдануға дайынбыз. Курстан кейін оқытушылық қызметке деген көзқарасымыз жаңарды. Білім беру саласындағы үздік тәжірибелермен танысу бізге үлкен пайда әкелді. Педагогикалық шеберлікті үздіксіз дамыту – қазіргі заман талабы екенін айқын сезіндік. Біз студенттеріміздің жан-жақты дамуына үлес қосудың маңыздылығын ұқтық. Курстың нәтижесінде өзімізге деген сенімділігіміз артты. Алдағы уақытта алған білімімізді жетілдіріп, университетіміздің дамуына өз үлесімізді қосуға ниеттіміз. Осындай маңызды курсты ұйымдастырған университет басшылығына алғысымызды білдіреміз. Жас оқытушылар мектебі – біздің кәсіби жолымыздағы үлкен серпін болды. Курс аяғында сертификатпен табысталдық.

Е.Қ. ӨТЕГЕНОВА,

Педагогика факультетінің магистр, оқытушысы

ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ: КӘСІБИ ӨСУДІҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

«Жас оқытушы мектебінің» мақсаты – педагогикалық ұжымды ұйымдастыру, жас оқытушыларға оқу жұмыстарын дайындау және өткізуге, оқу-әдістемелік материалдар мен аудиториядан тыс іс-шараларды әзірлеуге көмек көрсету.

«Жас оқытушы мектебінің» міндеттері:

- жас оқытушыларды Қазақстанда және шетелде жоғары кәсіптік білім берудің даму үрдістерімен, білім беру жүйесінің құқықтық және нормативтік негіздерімен таныстыру;

- әдістеме және педагогика білімін жетілдіруге көмек көрсету;

- жас оқытушылардың білім беру үдерісін, сондай-ақ университет қабырғасында ғылыми-педагогикалық қызметті іске асыруға дайындық деңгейін арттыруға жәрдемдесу;

- университеттің педагогикалық қызметіне жас оқытушылардың бейімделу процесін жеделдету;

- кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау: ғылыми-әдістемелік деңгейлерін көтеру, педагогикалық шеберлігін өсіру;

«Жас оқытушы мектебі» жанынан жүргізілген курсты университеттің аға оқытушылары, профессор, доцент оқытушылары және педагогикалық шеберлік орталығы Орал қаласындағы филиалының тренер, оқытушылары дәрістер оқып, практикалық сабақтар өткізді.

«Жас оқытушы мектебі» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы педагогтардың кәсіби даярлығын арттырып, өз ісін жоспарлай алуына, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көріп, оқу үрдісін ұйымдастыра алу шеберлігін шыңдауына маңызы өте зор.

Курс бағдарламасы 4 модульден тұрады. 1-ші модуль: ЖОО нормативтік-құқықтық құжаттары, академиялық адалдық қағидаттары, Болон үдерісінің міндетті қағидалары. Жоғары мектептің педагогикасы және психологиясына арналған, ҚР «Білім туралы» Заңы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар, тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. Академиялық адалдық қағидаттары. Болон процесі және қазіргі әлемдегі білім беру жүйелерінің интеграциясы. 2030 жылға қарай Болон жүйесін дамыту қағидаттары. Болон жүйесі кеңестік жүйеден ерекшелігі. Жоғары мектеп педагогикасы және психологиясы.

«ЖАС ОҚЫТУШЫ МЕКТЕБІ: жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері»

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Жас оқытушы мектебі» жобасы биыл да өз жұмысын жалғастырды. Мектеп жанынан 1-3 жыл жұмыс өтілі бар жас оқытушыларға, 2024 жылдың 01 қарашасынан 2025 жылдың 26 мамыр аралығында жас педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің ұйымдастыруымен «Жас оқытушы мектебі: жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері» тақырыбында 72 сағат көлемінде біліктілікті арттыру курсы өтіліп, сертификаттар табысталды.



2-ші модуль: Жоғары оқу орнында оқытуды ұйымдастыру формалары.

Білім беру бағдарламаларының құндылықтары мен құзыреттері. Білім беру бағдарламалары мен курстарды әзірлеу. Жоғарғы оқу орнының заманауи оқытушысы, оқытушыларының кәсіби педагогикалық мәдениеті. Дәріс құрылымы, ұйымдастыру, оқу шеберлігі және оны жетілдіру жолдары. Практика (семинар), лабораториялық сабақтардың ерекшеліктері, мақсаты мен рөлі, құрылымы, формалары. ЖОО-да білім алушылардың өз бетімен жұмысы және оны ұйымдастыру.

3-ші модульде жоғары мектептегі оқыту әдістері. Интербелсенді оқытудың мәні мен оқыту әдістері, белсенді оқыту әдістері сипатталады.

4-ші модульде жоғары мектепте оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа технологиялары. Киберпедагогика. Ақпараттық қоғамда SMART – білім беру.

Педагогикалық технологиялар және олардың жіктелуі. Виртуалдық педагогика түсінігі. Цифрлы білім беру

платформалары және құралдары. Электронды оқулық ерекшеліктері. Мобильдік оқыту. Білім беруді цифрландыру: ерекшеліктері мен мәселелері. Цифрлы қоғам және мұғалім тұлғасы. ЖОО оқытушыларының ғылыми-зерттеу белсенділігі, ғылыми-зерттеу жұмыстары қарастырылады.

Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде курсқа қатысушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында өзіндік жұмыстар, жеке сабақтар, шығармаларды меңгеру үлгілерін көрсету жүргізілді. Сонымен қатар курсты жүргізуші тәлімгерлер курсқа қатысушылардың сабақтарына қатысып, кеңес беріп, әдістемелік көмек көрсетті.

Жалпы, жас оқытушылардың пікірінше курста талқыландырылған тақырыптар үлкен қызығушылық тудырды, жас оқытушылардың болашақта кәсіби қызметіне көмектеседі деген үміт береді.

А.Ж. ТУЛЕГЕНОВА,

әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің әдіскері

Жас оқытушылар мектебі бізге не үйретті?

Бүгінгі таңда білім саласында үздіксіз даму мен жаңалыққа ұмтылу – жас мамандар үшін аса маңызды. Осындай қажеттіліктен туындаған Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің ұйымдастыруымен «Жас оқытушы мектебі: жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері» – біліктілікті арттыру курсы жас педагогтарға арналған таптырмас оқу орны болып табылады. Бұл курс біз сияқты жас мамандарға кәсіби өсуге бағыт беріп, өзімізді жетілдіруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Курс бізге кәсіби білім мен тәжірибе жинақтаудың тиімді жолдарын көрсетіп қана қоймай, заманауи білім беру әдістерін меңгеруге де септігін тигізді.

Курс қараша айынан бастап аптасына бір рет университетіміздің тәжірибелі және беделді лекторларының дәрістері мен практикалық семинарлары түрінде жүргізілді. Әр сабақ білім беру үдерісіндегі маңызды тақырыптарды қамтып, оқытудың теориялық және практикалық жақтарын қамтыды. Сонымен қатар бұл семинарлар қатысушылардың белсенді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беріп, білім алуда интерактивті әдістердің маңыздылығын көрсетті.

Курсымыздың алғашқы сабағын Құлжумиева Айман

Амангелдіқызы жүргізді. ЖОО нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, академиялық адалдық қағидаттары туралы ашып айта, Ергалиева Гулжан Алгазқызы болон үдерісінің міндетті қағидаларына тоқталды. Сондай-ақ, Какишев Мурат Галиханұлы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы нақты айтып, түсіндірді. Педагогикалық шеберлік орталығы, Орал қаласындағы филиалының директоры Обыденкина Лариса Валентиновна педагогикалық технологиялар туралы толық және нақты ақпарат берді. Жалпы бұл сабақ жас оқытушылар үшін үлкен мотивация көзі болып, университеттің білім беру сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық мақсаттарымен таныстырды. Сонымен қатар, лектор жоғары оқу орнының оқытушыларының негізгі міндеттерін, олардың кәсіби даму жолдарын айқын және нақты жеткізе білді.

Одан кейін әр факультеттен шақырылған оқытушылар өздерінің сабақтарын өткізіп, білім беру процесіндегі әртүрлі әдіс-тәсілдерді көрсетіп, тәжірибе алмасу мүмкіндігі туды. Сабақтарда белсенді оқу мен оқытуға арналған заманауи әдістер қарастырылып, интербелсенді оқыту технологияларының артықшылықтары жан-жақты талқыланды. Бұл әдістер студенттердің қызығушылығын арттырып, олардың білімді терең және сапалы

меңгеруіне септігін тигізді.

Ең қызықты әрі мағыналы сабақтардың бірі – Мухамбетова Гайнеш Гумарқызының дәрісі болды. Ол жасанды интеллектіні аудиториялық сабақпен үйлестіріп өткізу және оны оқушыларға түсінікті, қолжетімді тілмен жеткізу мәселелеріне ерекше тоқталды. Қазіргі заманда білім беру саласында жасанды интеллектінің маңызы артып келеді, және мұндай инновациялық әдістерді оқу процесіне енгізу – білім берудің жаңа кезеңі болып табылады. Мухамбетова Гайнеш Гумарқызы өткізген семинар қатысушыларға үлкен әсер қалдырып, оларды жаңа технологияларды қолдануға ынталандырды. Бұл сабақта ұсынылған әдістер мен тәсілдер – жас оқытушылардың кәсіби дамуына тың серпін беретін нақты құрал болып табылды.

Жалпы алғанда, Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Жас оқытушылар мектебі – кәсіби білім мен педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған бірегей платформа. Мұнда алған біліміміз бен тәжірибеміз болашақта өзіміздің оқыту сапамызды жақсартуға, студенттеріміздің оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл курс жас мамандарға өз білімін жүйелі түрде жетілдіруге, заманауи білім беру әдістерін игеруге және университетіміздің білім беру деңгейін одан әрі көтеруге үлкен жол ашты.

А.Е. САПАРОВА,

Физика-математика БББ-ның оқытушысы

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ БИБЛИОТЕРАПИЯ



кейіпкерлер баланың «ішкі дауысына» ұқсап, оған іштей дем береді. Бұл әдісті қолдану кезінде кітап тек ақпарат беруші емес, шынайы серікке, көрінбейтін, бірақ сенімді көмекшіге айналады. Мысалы, жетім балалармен жұмыс істегенде өмірлік қиындықтарды жеңу туралы ертегілер мен хикаялар, достық пен қамқорлықты дәріптейтін повестер қолданылып келеді. Олар арқылы балаларда үміт пен өз маңыздылығын сезіну қалыптасады. Осындай психологиялық және адамгершілік тұрғыдағы қолдау баланың жалпы дамуына, мінез-құлқына, өзіне және өзгелерге қатынасына оң әсер етеді. Қазіргі уақытта цифрлық технологиялардың жедел дамуына байланысты балалардың кітапқа деген қызығушылығы өзгеріске ұшырауда. Бұл үрдіске кітапханашылар мен тәрбиешілер жауап ретінде гибриді біблиотерапия үлгілерін қолданып жүр — бұл жерде дәстүрлі кітап оқумен мультимедиялық құралдар қатар қолданылады. Аудиокітаптар, визуалды ертегілер, интерактивті платформада ұсынылған көркем мазмұн — бұлар да баланың эмоционалдық қабылдауына оң әсер етіп, оқуға деген ынтасын арттыра алады. Сонымен қатар, онлайн форматта да библиотерапиялық клубтар құрылып, балалармен қашықтан жұмыс жүргізу мүмкіндігі туып отыр. Мұндай өзгерістер кітапхананың тек физикалық кеңістік емес, баланың жан дүниесіне әсер ететін, заманауи құралдармен жабдықталған ашық және икемді орталыққа айналуына септігін тигізуде. Балалар кітапханасындағы библиотерапия — бұл рухани, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды, болашағы кең бағыт. Оның мәні — кітаптың емдік күшін пайдалана отырып, баланың ішкі жан әлеміне қолдау көрсету, өмірлік жағдайлардан шығу жолдарын меңгерту, жан дүниесін сауықтыру. Еліміздегі балалар кітапханалары осы бағыттағы жұмысты кеңейту арқылы тек оқырманды емес, тұлғаны қалыптастырушы орталыққа айналуға толық қабілетті. Ал кітап — бұл тек беттері бар қағаз емес, ол — ішкі емші, рухани тәрбиеші, баланың сенімді серігі. Библиотерапияны жүйелі, ғылыми және шығармашылық деңгейде дамыту — бұл тек бір саладағы жаңашылдық емес, ол тұтас ұрпақтың сана-сезімі мен рухани денсаулығына инвестиция салу деген сөз. Университетімізде жаңадан ашылған 6B03207-Кітапханалық-педагогикалық қызмет БББ білім алушылары осы балалар кітапханасындағы библиотерапия пәнін оқу арқылы болашақ маман иесі болған кезде жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырады деген сенімдеміз.

Альбина АХАНОВА,
Тіл, әдебиет және ақпарат БББ оқытушысы, филология
факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Қазіргі уақытта балалардың психологиялық саулығы, олардың ішкі жан дүниесін түсіну мен қолдау маңызды әлеуметтік басымдықтардың біріне айналып отыр. Ақпараттық және технологиялық жүктемелердің артуы, отбасындағы өзгерістер, мектеп өміріндегі қысымдар — бұлардың барлығы баланың эмоционалдық әлеміне әсер етеді. Осындай күрделі жағдайда балалар кітапханасы тек оқу мәдениетін дамытатын мекеме ретінде ғана емес, сондай-ақ, психологиялық және әлеуметтік қолдау орталығы ретінде жаңа рөлге ие болуда. Осы бағыттағы тиімді құралдардың бірі — библиотерапия. Бұл әдіс баланың ішкі күйзелісін жеңілдетуге, өмірлік тәжірибесін түсінуге және өзін-өзі тануға көмектесу мақсатында әдеби шығармаларды пайдалануға негізделген. Библиотерапия — тек оқыту емес, ол — емдеу, қолдау, түсіну. Ол әдебиеттің күшін пайдалана отырып, баланың жан дүниесіне үңіледі, сөздің, метафора мен бейнелі образдардың көмегімен қиын эмоциялармен жұмыс істеуге жол ашады. Өлемдік тәжірибеде бұл әдіс кеңінен қолданылады, ал Қазақстанда, әсіресе балалар кітапханаларында оның әлеуеті енді ғана белсенді түрде жүзеге асырыла бастады. Библиотерапия — бұл баламен диалогқа түсу тәсілі. Бала кейіпкердің тағдыры арқылы өз өміріне үңіледі, өзін оқиғаларға сәйкестендіре отырып, өз тәжірибесін қайта қарауға, тіпті кейде жеңілдетуге мүмкіндік алады. Ата-анасының ажырасуы, достармен түсініспеушілік, мектептегі қорқыту немесе жалғыздық сезімі сынды қиын жағдайларда, баланың қолына дұрыс таңдалған кітап тисе, ол өзінің эмоцияларын тануға және оларды сау жолмен бейнелеуге үйренеді. Мысалы, бала ертегідегі батырдың қорқынышпен күресін оқи отырып, өз бойындағы үрейді жеңуге мотивация алады. Бұл жерде маңызды рөлді кітапханашы атқарады — ол баламен сенімді байланыс орнатып, оның қызығушылығы мен жеке тәжірибесін ескере отырып, тиісті әдебиетті ұсына білуі керек. Бұл жұмыс тек кездейсоқ кітап берумен шектелмейді, керісінше, жас ерекшелігі, психологиялық жағдай, өмірлік оқиғалар секілді көптеген факторларды ескеруді талап етеді. Сондықтан, библиотерапияны жүзеге асыруда педагогтармен, психологтармен, тіпті ата-аналармен бірлескен жұмыс маңызды. Библиотерапиялық жұмыс кітапхана кеңістігінде түрлі формада ұйымдастырылады. Классикалық бағыттары — директивті және бейдирективті әдістер. Директивті тәсілде кітапханашы балаға белгілі бір тақырыпты таңдап, шығарманы терең талдап, моральдық немесе психологиялық қорытынды шығаруға жетелейді. Ал бейдирективті бағытта бала өзі еркін түрде кітап оқып, оның мазмұнын жеке ішкі тәжірибесімен байланыстыра отырып, өз бетімен түйін жасайды. Бұл тәсіл әсіресе интроверт балаларға тиімді, себебі олар өз сезімдерін сыртқа шығарудан гөрі, ішкі әлемде қайта қарауға бейім. Сонымен қатар, библиотерапиялық сессиялар шығармашылық жаттығулармен, сурет салумен, рөлдік ойындармен, пікірталас сабақтарымен ұштасып отырады. Балалар белгілі бір кейіпкерді бейнелеп, сол арқылы өз ойын білдіреді немесе эмоциялар күнделігі арқылы өз ішкі күйін сипаттауға тырысады. Мұндай шаралар — тек әдебиетпен танысу емес, бұл — жан мен жүрекке жол салатын, сенімге бастайтын емдік процесс.

Библиотерапия — балалар кітапханасын рухани-сауықтыру орталығына айналдыруға мүмкіндік береді. Әрбір бала — жеке тұлға, ал бұл тұлғаның өсуі мен қалыптасу жолында кітап үлкен рөл атқарады. Балалар көркем әдебиеттің көмегімен әлемді ғана емес, өз-өзін де таниды. Библиотерапия баланы өзінің тәжірибесін түсінуге, эмоцияларын қабылдауға, қиындықтарға қарсы тұруға, үміттенуге, сенуге және бейімделуге үйретеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл балалар арасындағы өзара түсіністік пен жанашырлықты арттырады, оқырмандық мәдениетті терең деңгейде қалыптастырады. Сондықтан бүгінгі күні балалар кітапханалары кітапты тек ақпарат құралы ретінде ғана емес, жан дүниеге бағытталған мәдени және психологиялық ресурс ретінде қарастыруы тиіс. Бұл әдісті жүйелі түрде енгізу, қызметкерлерді арнайы даярлау, әдебиет қорын мақсатты түрде толықтыру — осындай маңызды жұмыстар арқылы кітапхана болашақ ұрпақтың рухани тірегіне айналатыны сөзсіз. Бүгінгі таңда библиотерапия тек жеке оқырмандармен жұмыс істеу әдісі ретінде ғана емес, сонымен қатар ұжымдық психологиялық сауықтыру құралы ретінде де белсенді дамып келеді. Балалар кітапханалары оқушылармен, ата-аналармен және мектеп ұжымдарымен бірлесіп отырып, арнайы психосоциалды қолдау бағдарламаларын жасақтауда. Бұл бағдарламалар аясында балалармен топтық кітап талдауы, интерактивті әңгімелер, кейіпкерлер арқылы өзін-өзі тану сабақтары ұйымдастырылады. Мысалы, кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру арқылы бала өзінің немесе сыныптас достарының мінез-құлқын салыстыруға, жақсы мен жаманды ажыратуға дағдыланады. Бұған қоса, арнайы кітап көрмелері, тақырыптық апталықтар мен әдеби терапиялық клубтар — балалардың эмоционалды тұрақтылығын арттыруға және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған құралдарға айналып отыр.

Мұндай форматтар кітапхананың заманауи балаға жақын болуына, сонымен қатар оқырмандық тәжірибені әлеуметтік қарым-қатынас көзіне айналдыруға жол ашады. Библиотерапия — өз мәнінде баланың ішкі әлеуетін ашуға бағытталған гуманистік әдіс. Ол педагогикалық және психологиялық ғылымдардың түйіскен тұсында дамып келеді. Еліміздегі тәжірибеде қазіргі кезде бұл бағытты ғылыми негізде дамытатын мамандар мен орталықтар саны артып келеді. Кейбір мектептер мен балалар кітапханаларында арнайы «эмоциялар сөресі», «психологиялық кітап бұрышы» сияқты жобалар іске қосылуда. Бұл — балаларға өз көңіл күйіне сай кітап таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, эмоциялық интеллектті дамытуға арналған әдебиеттерді жүйелеу жұмыстары да жүргізілуде. Әсіресе қазақ әдебиетіндегі заманауи балалар шығармаларының эмоционалдық мазмұнына талдау жасап, оларды библиотерапиялық қолдануға бейімдеу — болашақта осы саланың сапалы дамуына әсер етеді. Осы бағытта кітапханашылардың кәсіби деңгейін арттыру, тренингтер мен біліктілік курстарын ұйымдастыру маңызды. Библиотерапия — жай ғана қызмет емес, ол — сезімді қабылдауды үйрететін, адам болмысына терең үңілетін гуманитарлық миссия. Жекелеген балалар үшін библиотерапия өзіндік сенімділік пен ішкі тірек табудың тиімді жолы болып табылады. Әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балалар, мигрант отбасыларынан шыққан немесе қиын әлеуметтік жағдайда өмір сүріп жатқан балалар үшін әдебиет — өз мәселелерін сөзбен сипаттап жеткізе алмаған жағдайда, сезімді бейнелеудің баламалы тіліне айналады. Кітаптағы

Алыс кешенді географиялық сараман болашақ география мамандарын дайындауда оқыту процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оны жүргізу кезінде студенттердің геологиялық-геоморфологиялық, физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық пәндер бойынша теориялық сабақтар процесінде алған білімдерін пайдалану және бекіту көзделеді.

Алыс кешенді сараманның мақсаты – студенттерді далалық жағдайда географиялық бақылау мен зерттеу әдістеріне, материал жинау және өңдеу тәсілдеріне үйрету, сондай-ақ нақты өңірге аудандармен және физикалық-географиялық сипаттама жасау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: далалық жағдайда бақылау, өлшеу, мәліметтер жинау және картамен жұмыс істеуді меңгеру; шаруашылық салалары мен табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын анықтау; табиғи-территориялық кешендер мен өндірістік құрылымдардың байланысын түсіну; теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, ғылыми сипаттама мен қорытынды жасау.

Алыс кешенді сараманның алғашқы күні сараманның мақсат-міндеттерімен, қауіпсіздік ережелерімен, құрал-жабдықтармен, сараман өтетін аудандармен және жинақталуы қажет құжаттар тізімімен таныстық. Топ студенттерімен бригадаларға бөлініп, тапсырмалар алды.

Келесі күні алыс кешенді сараман өтетін Теректі, Бөрлі, Қаратөбе, Шыңғырлау, Сырым аудандарының физикалық географиялық, экономикалық және әлеуметтік географиялық ерекшеліктері жөнінде кешенді мәліметтер жинақтадық. Зерттеу барысында тек

ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар өзінің табиғи сұлулығымен де ерекшеленеді.

Теректі ауданынан жолға шықтық. Жол бойында Долин ауылынан өтіп, Тақсай ханшайымының археологиялық ескерткішіне бардық. 2012 жылы Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының археологтары Тақсай обалары кешенінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Қазба кезінде біздің эраға дейінгі 6-4 ғасырларға, ерте темір дәуіріне жататын қыш сынықтары мен бай жәдігерлерге толы жерлеу орны табылған. Ең басты олжа – «Тақсай ханшайымы» деп аталатын әйелдің мүрдесі болған. Кешкі уақытта, 7 метр тереңдіктен тапқан. Әйелдің киімінде 500-ге жуық алтын әшекейлер, сырға, сақина, алқа сияқты бұйымдар табылған. Оның қасында пышақ, қазан, қола айна және көшпенділердің перстармен шайқасын бейнелейтін тарақ табылған. Бұл әйел шамамен 28 жаста болған. Оның мәртебесінің жоғары болғаны екі күзетшінің қасынан жерленуі арқылы анықталған. Табылған жәдігер Қазақстанның Ұлттық музейіне жеткізіліп, «Тақсай ханшайымы» атауымен көпшілікке таныстырылған.

Кешқұрым уақытта Алебастровоға барып орналастық. Шатырларымызды құрып, лагерьде түнедік.

Ертеңіне таңертең Алебастроводан сапарымызды жалғастырдық. Жол бойында Даниляко және Қанай ауылдарын артқа қалдырып, Бөрлі ауданының кең байтақ даласымен жүріп, одан әрі Масайтөбе мен Қараоба өзенін кесіп өтіп, жол-жөнекей жеке мал шаруашылыш қожалықтары мен Пугачёв ауылдарын көріп, көпір арқылы Шыңғырлау өңірінен өттік. Ақсай қаласына жетіп, «Нефтэк» жанармай бекетінде аялдадық. Мұнан соң Ақбұлақ

өзеніне құяды. Суы тұщы, дертке шипалы.

Кейін мөлдір таза ауыз суы-бұлаққа бардық. Бұл су – сирек кездесетін минералды ауыз суы көп ауруға дәрі және шипа. Асқазан-ішек жолдары аурулары мен зат алмасуға өте пайдалы әсер ететін табиғи өнім. Денедегі психикалық және физикалық өнімділікті арттырып және ынталандырады. Судың құрамында Ca, Mg, Na, Cl, SO₄, NH₄, NO₂, NO₃, Fe бар.

Түстен кейін жалпы топ студенттерімен бірге Жаршағыл құмына бардық. Жол бойы борлы құмды жердегі Салиха әженің «Қыз әулие» бейітін көрдік. Бұл өңірдің ерекше қасиеті – мұнда арша өсімдігінің кең тарағаны. Аршаның емдік қасиеттері өте жоғары, әсіресе оның хош иісі тыныс жолдары ауруларына пайдалы. Арша жерге жайыла төселіп өседі және гүлдейді. Соңғы жылдары бұл аймаққа Қытай тарапынан ерекше қызығушылық байқалады, себебі аршаның емдік қасиеттері жоғары бағаланады.

Жаршағыл құмы — Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында орналасқан табиғи әрі ерекше құмды алқап. Бұл аймақ геологиялық және экологиялық маңызы зор.

Зерттеу бағытымызды жалғастырып, Ақсуат ауылынан өттік. Кейін негізгі тас жолға шығып, Амансай өзенінен, Сырым ауданының кең даласынан, сондай-ақ Өлеңті өзенінен өттік. Табиғаттың кең тынысы, алқаптардың көрінісі мен өзендердің құрылымы танымдық әрі эстетикалық әсер сыйлады.

Кешкі уақытта Орал қаласына аман-есен жеттік. Осылайша, далалық зерттеу жұмысымыздың маңызды кезеңі аяқталды.

АЛЫС КЕШЕНДІ САРАМАН

Жыл сайынғы дәстүрге сәйкес, «Биология-География» білім беру бағдарламасының студенттері болып, біз география пәнінен алыс кешенді сараманға шықтық. 26.05.25-06.06.25 жж. аралығында «Орал қаласы - Теректі ауданы Теректі ауылы - Қабылтөбе ауылы - Дуброво қорықшасы - Ұрылар балкасы-Сауыркін яр Теректі ауылы - Тақсай ханшайымы – Алебастрово - Бөрлі ауданы Бурлин ауылы - Ақсай қаласы - Ақбұлақ ауылы - Миргордка қорықшасы - Конус тауы - Торыатбасы тауы - Сарқырама Жаршағылқұм -Жымпиты ауылы - Орал қаласы» бағытында алыс кешенді сараман ұйымдастырылды.



бекітілген оқулықтармен шектеліп қалмай, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді, статистикалық мәліметтерді, географиялық атластар мен интернет ресурстары секілді қосымша дереккөздерді тиімді пайдалана отырып, мәліметтерді салыстырмалы түрде талдап, жұмыс дәптерлерімізге ақпараттарды жаздық.

28 мамыр күні таңертең жаратылыстану-география факультетінде топ студенттерімен және жетекшімізбен жиналып, алыс кешенді сараманға қажетті құрал-жабдықтар мен жеке заттарды қызметтік көлікке орналастырдық. Сапар бағыты бойынша Теректі ауданының орталығына жетіп, Қабылтөбе ауылына бағыт алдық. Сол маңда орналасқан «Дуброво» ботаникалық қорықшасына келіп жеттік. Бұл қорықша Жайық өзенінің сол жағалауындағы 6 ш.км (Теректі ауданы) жерді алып жатыр. Қорықша аумағында емен, көктерек, үйеңкі, қызыл тал, сондай-ақ сирек кездесетін бұта түрлері өседі. Жетекшіміз осы өсімдіктердің табиғаттағы және шаруашылықтағы маңызына ерекше тоқталып, олардың ішінен Қазақстанның Қызыл кітабына өнген түрлері туралы мәлімет берді. Қорықшада шамамен 30-ға жуық сирек және жойылып бара жатқан өсімдік түрі қамқорлыққа алынған. Одан әрі Жайық өзені маңына бардық.

Сараман барысында ерекше геоморфологиялық құрылымдардың бірі- Ахмеденский ярына бардық. Ол Жайық өзенінің жоғары ағысымен 2,5 шақырым жерде, Қабылтөбе ауылынан сәл өріректе орналасқан. Мұнда көптеген сирек кездесетін өсімдіктер түрі өседі. Яр түбінде батпақ қырықжапырағы өскен қайыңды тоғай бар. Мұнда бобырлардың (құндыздардың) салған бөгеттері де көптеп кездеседі. Ахмеденский сайына іргелес орналасқан тағы бір маңызды табиғи нысан — «Ұрылар балкасы». Ол Қабылтөбе ауылынан шамамен 3 шақырым жерде орналасқан. Балканың жоталары тік жарлы болып келеді, ал төменгі ағысқа қарай тереңдігі біртіндеп артады. Балканың сағалық бөлігінде, яғни Жайық өзенінің жайылмасына құяр тұсында батпақты қырықжапырақ өскен емен-қайың орманы қалыптасқан.

Өр өңірдің табиғаты мен тарихында таңғаларлық ескерткіштер кездеседі. Солардың бірі – Батыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан Сауыркін яр. Жайық жағасында орналасқан. Бұл нысан тек геоморфологиялық

ауылына барып, сол жерден табиғи бұлақ суын алдық. Сапарымыз әрі қарай жалғасып, «Миргород» жергілікті маңызы бар ботаникалық және зоологиялық қорықшасына жеттік. Онда біз шатырларымызды құрып, лагерьге орналастық. Бұл аумақ Батыс Қазақстан облысында орналасқан және жергілікті маңызы бар ботаникалық әрі зоологиялық қорық болып табылады. Қорықтың жалпы ауданы – 3,95 мың гектар. Шығыс беткейіндегі тауға көтерілдік. Табиғаты көз тартарлық-тыныш әрі көркем.

Географиялық тұрғыдан алғанда бұл аумақ Орал маңы үстіртінің алқабына жатады. Жері шұрайлы, ауыл шаруашылығына қолайлы. Бұл аумақта бұлақ суы еркін ағып жатыр. Бұрын дәл осы жерде Ақбұлақ атты ауыл орналасқан. Табиғат байлықтары мен биологиялық әртүрлілік те назар аударуға тұрарлық. Университетіміздің оқытушысы Сахарнова Зоя Яковлевна осы өңірден моллюскалардың екі жаңа түрін анықтаған, Дарбаева Талшын Есенмоновна Миргород ботаникалық және зоологиялық табиғи ескерткішіндегі кальцефитті-петрофитті өсімдіктерді зерттеген. Бұл жерде «осенний колька» жәндіктері көп кездеседі. Біз осы сәттерді фотоға түсіріп, кеппешөптер жинадық. Лагерьде түнедік.

Таңертең жалпы топпен батыс беткейіндегі тауға көтерілдік. Табиғаты өте көркем, тыныш әрі жанға жайлы. Осы беткейде жүріп, түрлі өсімдіктердің кеппешөп үлгілерін, юра және бор дәуірінде өмір сүрген, қазір жойылып кеткен, басааяқты моллюскілердің (белемнит) түрлерін жинадық.

Соңғы күні біз экспедициялық лагерьден жиналып, кері жолға шықтық. Жолда Конус және Торатбасы тауларын көрдік. Бұл таулы аймақтар алыстан ерекше көрініп, табиғаттың көркемдігімен таңғалдырды.

Сапар барысында Жусалы ауылдық округінің орталығы – Қоңыр ауылына жеттік. Одан әрі Ақсуат ауылынан өтіп, ұзақ жолды еңсеріп, табиғи нысан – Сарқырамаға келіп тоқтадық. Сарқырама - Сырым ауданындағы өзен, шаруашылық орталығынан 25 км қашықтағы бұлақ суы. Бастауын Қарғалы жерінен алып, Қарғалыаяқ жерінде құмға сіңіп жоғалады да, 15 км жерден кейін қайта шығады. Бұлақ суын Нармағамбет болыс тау тастарымен бөгенен. Кейіннен ол шарадан асып, содан су сарқырап ағуда. Сарқырама деп аталуы да осыдан шыққан. Қыста суы қатпайды, Бұлдырты

Алыс кешенді далалық сараман – болашақ география маманы ретінде кәсіби құзыреттілігімізді арттыруда маңызды рөл атқарған тәжірибелік кезең болды. 26.05.-06.06.25 ж. дейін Батыс Қазақстан облысының Теректі, Бөрлі, Қаратөбе, Шыңғырлау және Сырым аудандарында өткен бұл сараман бізге өңірдің табиғи-географиялық, геоморфологиялық және экономикалық ерекшеліктерін тікелей жергілікті жерден зерттеп, ғылыми тұрғыдан талдау жасауға мүмкіндік берді.

Сараман барысында біз далалық зерттеу әдістерін – географиялық бақылау, геоморфологиялық сипаттау, гидрологиялық мәлімет жинау, картографиялық және фотофиксациялық құралдарды қолдану, жергілікті тұрғындармен сұхбат жүргізу сияқты тәсілдерді меңгердік. Өр ауданның табиғи компоненттері мен антропогендік факторларын салыстыра отырып, аймақтық даму мүмкіндіктері мен экологиялық мәселелерге баға беруге тырыстық.

Жетекшіміз А.А.Тургымбаевтың бағыт-бағдары мен әдістемелік қолдауының арқасында теориялық біліміміз тәжірибемен ұштасып, нақты зерттеушілік қабілеттеріміз дамыды. Сонымен қатар бұл сараман студенттердің командалық жұмыс, жауапкершілік, кәсіби этика секілді тұлғалық қасиеттерін де қалыптастыруға септігін тигізді.

Қорытындылай келе, бұл сараман – табиғатты тану мен оны зерттеудің кешенді жолдарын меңгеруге, ғылыми көзқарасымызды қалыптастыруға және болашақ мамандығымызға деген қызығушылығымызды одан әрі тереңдетуге зор үлес қосты. Мұндай тәжірибелер болашақ географ-ғалымдар мен мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан жетілуі үшін аса маңызды екені сөзсіз. Сараман барысында біз теориялық білімімізді тәжірибе жүзінде қолдана білуді үйрендік, түрлі географиялық нысандарды зерттеп, сараптау әдістерін меңгердік. Сонымен қатар командамен жұмыс істеу, деректер жинау мен оларды талдау дағдыларымыз дамыды. Мұндай кешенді тәжірибе болашақта сапалы маман болып қалыптасуымызға берік негіз қалайды деп санаймыз.

Айдана ЖАЛҒАСОВА, Әсел МЕНДИКУЛОВА, Дильназ САГЫНОВА, БГ-31 студенттері

«Философия маған нені үйретеді?»

Философия – адамзат ақыл-ойының терең жемісі, дүние мен өмірдің мәні туралы ілім. Ол ежелгі Грекияда пайда болып, «philo» – сүйіспеншілік, «sophia» – даналық деген мағынаны білдіреді. Демек, философия – «даналықты сүйу» деген ұғым. Философия тек ғылым ғана емес, сонымен қатар өмір сүрудің мәнін іздеу, шындықты тану мен адамның орнын түсіндіру жолы болып табылады. Философия «болмыс деген не?», «Адам кім?», «Өмірдің мәні неде?», «Білім қалай пайда болады?», «Құндылық деген не?» сияқты сұрақтарды қояды. Бұл сұрақтарға әр дәуірдің, әр ойшылдың жауабы әртүрлі болды. Философия қоғам дамуына, ғылымның, өнердің, дін мен саясаттың қалыптасуына зор ықпал етті. Ұлы ойшылдардың – Сократ, Платон, Аристотель, Әл-Фараби, Ибн Сина, Шопенгауэр, Ницше, Кант, Гегель сияқты ғұламалардың идеялары адамзат өркениетінің іргетасы болды. Қазақ халқының дүниетанымы да философиялық ойларға бай. Асан Қайғы, Шал ақын, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы – ұлттық философиялық ойдың көрнекті өкілдері. Абай өзінің қара сөздерінде адамгершілік, ізгілік, әділет пен ақиқат туралы терең толғанады. Философия – бұл тек теориялық ғылым емес, адамның өмір сүру стилі. Ол бізге ойлануға, сұрақ қоюға, өз өмірімізге сын көзбен қарауға үйретеді. Қазіргі заманда философия сыни ойлау мен жауапкершілік, адамгершілік құндылықтарын сақтау үшін аса қажет. Философия – ақиқатқа апарар жол. Ол арқылы адам өз ішкі әлемін таниды, қоғамдағы орнын түсінеді. Сондықтан әрбір адам кем дегенде бір рет философиямен бетпе-бет келуі тиіс. Философия – бұл тек өткен ойшылдардың ілімін зерттеу емес, ол – адам ретінде менің кім екенімді, өмірдің мәнін және дүниеге деген көзқарасымды қалыптастыруға көмектескен ғылым. Ол маған сұрақ қояудан қорықпау керектігін, өз ойыңды ашық түрде жеткізе білу керектігін, шындықты іздеудің маңызын және әрбір пікірдің артында терең логика мен өмірлік тәжірибе болатынын үйретті. Сондай-ақ ұстазымыз айтпақшы, анализ жасай алу керектігінің мәнін ұғындыра алды. Философияның ең үлкен әсері – менің ойлау қабілетімнің дамуына себепкер болғаны. Мен енді бір нәрсені жай ғана қабылдамаймын, оның себебін, салдарын, логикалық негізін іздеймін. Мысалға, Сократтың «Мен білмейтінімді білемін» деген сөзі мен үшін ерекше мағынаға ие болды. Бұл сөздер маған қарапайымдық

пен шынайылықтың философиядағы орны қандай екенін түсіндірді. Сонымен қатар философия маған төзімділік пен басқалардың пікірін сыйлауды үйретті. Әр адам шындықты өзінше қабылдайды, ал әртүрлі көзқарастар – ақиқатқа апарар жолдың бөлшектері ғана. Философиялық диалог пен пікірталас арқылы мен өз ойымды дәлелдеуді және басқаның логикасын түсінуді үйрендім. Мен философия арқылы еркін ойлауды үйрендім. Адамның еркіндігі, әділеттілік, ар-ождан, өмірдің мәні сынды ұғымдарға бұрын-соңды тереңірек үңілмеген едім. Бірақ Платон, Аристотель, Әл-Фараби сынды ойшылдардың айтқан пікірлерін оқығанда, бұл ұғымдардың тек сөз емес, әр адамның өмірінде маңызды орын алатынын түсіндім. Философия маған сабырлылық пен сын тұрғысынан ойлауды үйретті. Бұрын бір мәселе туындаса, оған біржақты қарап, асығыс шешім қабылдайтынмын. Қазір әрбір шешімнің салдарын ойланып, оның артында қандай себеп жатқанын түсінуге тырысамын. Сондай-ақ философия мені адам болмысына терең үңілуге жетеледі. «Адам не үшін өмір сүреді?» «Бақыт деген не?» Бұл сұрақтарға бірден жауап табу мүмкін емес, бірақ олар туралы ойлану – өзін-өзі танудың бастамасы. Мысалы, қарапайым «Мен кімін?» деген сұрақтың артында тұтас болмыс жатыр. Бұл сұраққа жауап іздеу арқылы мен өзіме, өз ішкі дүниеме саяхат жасауды бастадым. Бұл жол – оңай емес, бірақ өте қажет. Себебі өзін түсінген адам ғана өмірде сенімді бағыт таба алады. Философия маған ақиқатты іздеудің жолы бір ғана емес екенін көрсетті. Бір нәрсеге бәрі бірдей қарамайды, әр адамның өз шындығы бар. Осыны түсінгеннен кейін мен төзімді, ашық, қабылдауға дайын бола бастадым. Енді мен біреудің ойы менікіне қайшы болса да, оның мәнін түсінуге тырысамын. Сонымен қатар, тағы бір маңызды сабақ – күмәнданудан қорықпау. Сократ айтқандай, «Сынақтан өтпеген өмір – өмір емес». Яғни, бәрін ой елегінен өткізіп, шын мәнінде сенімді болу үшін, алдымен күмәндану керек. Бұл маған кез келген ақпаратты, көзқарасты сын көзбен қарауы үйретті. Қорытындылай келе, «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші», философия мені тереңірек ойлауға, көбірек сұрақ қоюға және адам мен әлем арасындағы байланысты түсінуге жетеледі. Ол тек ақыл-ой тәрбиесі емес, ол – рухани өсу жолы деп білемін.

Аяжан АБУХАН,
ҚТӨ-31 студенті

БӘРІ КЕШ ЕМЕС

Кей күндері бәрінен шаршағандай боласың. Ала таңмен әрең оянып, көзді әрең ашып, сабағыңа еріксіз барасың. Айналаңда бәрі өз өмірімен әлек, біреулер бақытты сияқты, біреулер мазасыз... Ал сен ше? Сен өзіңді кейде түсіне алмайсың. Не болып жатыр? Неге бәрі солай болып кетті?

Бірақ шынын айтқанда, бұл – қалыпты жағдай. Біз – студентпіз. Иә, қызық көрінетін студенттік өмір кейде тым күрделі. Сессия, тапсыратын жобалар, кешіккен тапсырмалар, бірде жетіп, бірде жетпей жатқан шәкіртақы... Осының арасында өз-өзіңді жоғалтып алуың мүмкін. Қоғам не айтады деп уайымдайсың. Ата-анаңның үмітін ақтауға тырысасың. Өз арманың ше? Оны кейде ұмытып кетесің.

Бірақ, тоқта. Бір сәтке тыныштық сұра. Терең дем ал. Саған бір шындықты айтсам: **бәрі кеш емес.**

Қазір қателестің бе? Жарайды. Қателесу – үйренудің ең табиғи жолы. Біреу сенен озып кетті ме? Уайымдама. Өркімнің жолы әртүрлі. Бүгін өзіңді әлсіз сезіндің бе? Бұл да өтеді. Таң атар, күн шығар, сен де қайтадан еңсеңді көтеріп, жаңа күнмен бірге оянасың.

Өмір – бұл марафон емес. Өмір – бұл саяхат.

Кейде бәрінен жалығып, ештеңе істегің келмейді. Телефон қарап, уақыт өткізгің келеді. Жай ғана демалғың келеді. Бұл да – норма. Себебі сен – тірі жансың. Саған да демалыс керек. Ең бастысы – өзіңді тастап кетпе. Өзіңе деген сенім сенің қалмасың.

Мүмкін, біреу саған «сенен ештеңе шықпайды» деді. Немесе «мамандықты дұрыс таңдамапсың» деді. Бірақ олардың сөзі – сенің тағдырың емес. Сен – өз өміріңнің авторысың. Бұл жолда сәтсіз күндер де, жарқын сәттер де болады. Бірақ шын жүректен бір нәрсені ұмытпа: **бәрі кеш емес.**

Қайтадан бастауға кеш емес. Арманыңды қайта тірілтуге кеш емес. Өз бағытыңды табуға да кеш емес.

Кейде ең үлкен жеңіс – ұйқыдан тұрып, өмірді жалғастыру. Жай ғана тырысу. Бір күліп қою. Бір досқа жазу. Бір бейтанысқа көмектесу. Өмір деген – осындай кішкентай сәттерден тұрады. Сенің күнің, сенің жолың – әлі алда.

Сен ерекше адамсың. Жай ғана есіңде болсын:

Бәрі кеш емес. Ешқашан.

Әсел ЖАСҰЛАН,
ИЯ-31 студенті

Рухы қайсар пір тұлға...

Өлең: Бауыржан Момышұлына арнап шығарылған

Бауыржан – батыр еді Қазақ дейтін,
Тектіден туған тұмардай азат дейтін.
Қан майданда шегінбей қарсы тұрған,
Жүрегін от қып жаққан азап дейтін.
Түнекте туған шындықтың шырағындай,
Ерлік пен өрлік жатқан жыр-аңыздай.
Қара сөздің қадірін кем қылмаған,
Батыр ғана емес, дана – бір аңыздай.
Ол – шындықты бетке айтқан тура биік,
Қаймықпаған көзінен найза биік,
«Тәртіп – жеңістің анасы» деген сөзі,
Бүгінгі ұрпаққа да үлгі, тірек биік.
Отан десе, от кешкен жүрек болды,
Жасқанбады, майданда тілек болды.
Бейбіт өмір орнап, ел тыныстағанда,
Қалам алып, ұлт үшін тілек толды.
Сарғайған күнделігі – сыр шежіре,
Қанмен емес, қаламмен із жазылған.
Қара нардай қайыспас қайсар тұлға,
Ұлтқа пір боп тұратын асқақ жырда.
Пір тұтамыз Бауыржан бабамызды,
Ұрпақ үшін аттанған ағамызды,
Рухы биік, сөзі асыл, жолы нұрлы,
Мәңгі өшпес елінің данамызды.

Аяжан АБУХАН,
3-курс, ҚТӨ-31

«Love and Liberty»

In the heart where true love grows,
Freedom like the wild wind blows.
Hand in hand, through every land,
We rise as one, we proudly stand.

Beneath the endless Kazakh sky,
Where eagles spread their wings and fly,
We've found a voice, we've found a way —
Our nation's soul, both strong and free.

I carry love — not just for one,
But for my people, for the sun
That shines on steppes so vast and wide,
On every dream we hold inside.

Independence, earned with grace,
Is written on each smiling face.
A land of peace, with hearts so brave —
No chain shall hold, no storm enslave.

So let love guide and freedom sing,
In every breath, in everything.
Kazakhstan, you are my light —
In love, in hope, in morning bright.

Kamilla GUMAROVA,
FI-33

Мақтаныш сезімі

Құмсағат көрсетеді уақытты,
Ұстап көрген алтын менен жақұтты.
Көрнекті Ұлы Абайдай ақыны бар,
Нағыз міне, қазақ елі бақытты.

Абай ақын жырлап кетті жастықты,
Ажыратты достық пенен қастықты.
Нағыз ақын өрнектеген бұл жолды
Жаңа ұрпақ боп, дара жолды бастық-ты.

Мақтанамыз Ұлы Абайдай ақынмен,
Әр сөзі тең баға жетпес алтынмен.
Жүрегіме сыймайтұғын бір сезім
Ол сезімді түсінеді адам ақылмен.

Білемін мен, арман-ойым кете көрмес алысқа,
Ұлы Абай да қалған жоқ қой қалыста.
Тырысамын, байқап көрем мен тағы,
Ұмтылуға, теңдессіз бір жарыққа.

Мен білемін, Абай мәңгі өшпейді,
Өшпейді ол және тағы өлмейді.
Мақтаныш сезімі керіп жатса бойымды,
Сабыр сақтап, жинақтаймын ойымды.

Толқыныс, толғаныс бар бойымда
Абай ақын әлі менің ойымда.
Сыр шертетін тарихтарым бар кезде,
Ұмытылар сауық-сайран, ойын да.

Шығысымда өтті бала күндерің
Өтті айлар, жылдар және түндерің.
Сізді ешқашан ұмытпайды ұрпағың,
Ұрпағына үлгі барлық білгенің.

Зауреш СЫДИХОВА,
ИЯ-37 студенті



2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№6 (81), маусым 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Шешендік - дарындылық

ШЕШЕНДІК - АҚЫЛМЕН БИЛЕУ ӨНЕРІ

Жуырда Ұстазымыз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының** «Іскерлік шешендіктану» атты оқу құралы Алматы қаласындағы «Болат-Медиа» мекемесі баспасынан жарық көрді. Тік тұрып қол соға қуана құтты болсын айтамыз!

Бүгінгі таңда көзіміздің анық жеткені, шешендік – жаңа ұрпақ көркі. Шешендік - ақылмен билеу өнері. Ал кәсіби маманның ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Сөз сөйлеуге даярлық – дефосфендік дағды. Шешен сөйлеу мәдениеті өзектілігінің басты қыры осында. *Демек, шешендік дағды – табыс кепілі, ақылмен билеу білігі. Профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Іскерлік шешендіктану» атты оқу құралы аса өзекті, аса керекті осы мәселеге арналған.*

Кез келген істің нәтижелі болуы іскер маманның ақылға қонымды аргументтердің баршасын да, әсіресе, өзіндік дауыс сазы секілді ерекше мәнді құралды құбылта қолдана білуіне бірден-бір байланысты. Еңбек сәтті өрілген экспромт сөз арқылы мейілінше мол мөлшерде олжаға кенелу, телефон арқылы тиімді қарым-қатынас жасау, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасты дұрыс құра білу іспетті іскери шешендіктану қағидаларының сан алуанымен таныстырады. Оқу құралының «Іскерлік шешендік табиғаты», «Афоризм - тілсіз тәлімгер» атты тарауларында «Іскерлік қарым-қатынас әдебі», «Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды», «Іскер маманның тыңдау білігі», «Аудиториямызды тани білеміз бе?», «Іскер маманның сөйлеу мәдениеті», «Іскер маманның сөйлеу логикасы», «Шебер экспромт сөз сөйлей білу - сәттілік көзі», «Іскер маманның сөз сөйлеу сәті», «Бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынасыңыз қалай?», «Телефонмен

сөйлесе білеміз бе?», «Тағам үсті іскерлік қалып», «Айтар нақылы жоқтың табар ақылы жоқ», «Ақ бата - қасиетті тұмар», «Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ», «Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта», «Сөйлесу - бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат», «Аз сөйлер де көп тыңдар хас асылдың баласы», «Тыңдай білу - ұлылық», «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді», «Бойда қайрат, ойда көз, болмаған соң айтпа сөз», «Шешендік - ақылмен билеу өнері», «Шешен сол - сөйлер сөзден қамалмаса», «Шаршы топта сөз бастау қиын» сияқты бөлімдер қамтылған. Еңбек бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, студенттерге және барлық деңгейдегі басшыларға арналған.

Асылы, іскерлік қарым-қатынас – алуан қызмет жүйесіндегі адамдар арасындағы байланыстар дамуының күрделі де сан қатпарлы үдерісі. Бұған қатысушылар ресми статуста сөйлей отырып, нақтылы міндеттерге негізделген межелі мақсатты нысаналайды. Бұл үдерістің басты ерекшелігі – уақытты мөлшерлі пайдалану. Сөйлеу сәтін мөлшерлі пайдалану – ұлттық мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық қағидаттармен анықталатын бекітілген өлшемдерге бағыну деген сөз. Әрине, бізге ресми байланыс орнатудың алуан түрлі жағдаяттарына орайлас «жазылған» не «жазылмаған» норма тәртіптері мөлім. Қызмет барысында қабылданған тәртіп жүйесі, сәйкесінше бұл ретте орнымен кідіре, ауытқи, өзгерте білу формалары іскерлік этикет делінеді. Оның басты функциясы – адамдар арасындағы өзара түсіністікке септесер ережелерді қалыптастыру. Бұл орайдағы маңызды функциялардың бірі - ыңғайлылықты ескеру, жинақылықты жақтау және тәжірибе негіздеріне сүйену. Ал жалпы қағидалы талаптар сапына жеке симпатия мен антипатияға байланыссыз барлық жұмыста әріптестермен, қарсыластармен жасалатын жылы жүзді, ескерту бағытында жүзеге асатын қарым-қатынастар нормаларын қосар едік.

■ Оқыдық, пікір айтамыз!

Шешендік - шеберлік шыңы

Бүгінгі таңда шешендік – қажеттілік. Соңғы жылдары қазақ елінде де әлдеқашан ұмыт болған ғылым, өнер саласына дұрыс көзқарас қалыптасып, бірте-бірте оңды өзгерістер өрбуде. Бұл заңды да, себебі тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті іскер адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Нәтижеде қайта оралған тиімді қарым-қатынастың жағдайы мен түрлері туралы шешендіктану ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен іскер «шешен тұлғаларды» баулу мәселесін шешу жолдарын ұсынбақ.

Тап осы өзекті мәселеге арналған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Іскерлік шешендіктану»** атты оқу құралы жуықта ғана Алматы қаласының белді баспасынан жарық көрді.

Иә, бүгінгі ұлттық сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы ретінде шешендік кең көлемдегі мәдениеттің ажырамас бір бөлігі қалпында қатты сөзілуде әрі танылуда. Қазіргі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни, іскер маманның сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі секілді ыңғайсыз көрінуі тиіс. Сөйлеу мәдениетіне баса мән бере аса сергектік танытқан араб халқы бұл ретте: **«Сөйлемесе – кесек, сөйлесе – есек»** деп шымбайға батыра айтқаны бар-ды.

Жалпы сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық жоқ. Ал адам іс-әрекетінің кей салаларында ол аса қажетті әрі тиімді жұмыстың алғышарты. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адами жағымды қарым-қатынас орнатуға әрі оны ұзақ мерзімге сақтауға мүмкіндік жасайды. Мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнымен, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсек ғана, ол теңдессіз күшті құралға айналары сөзсіз.

Біле білсек, біздің адами іскерлік қарым-қатынасымыз сәтімен жүзеге асуы үшін тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын терең біліп қою жеткіліксіз. Дидарласушының

Демек, оқу құралы авторының пайымдауынша, іскерлік қарым-қатынас – адам өмірінің аса қажетті бөлігі, өзге адамдармен қарым-қатынас жасаудың маңызды түрі. Осы қарым-қатынастың мәңгілік әрі басты қозғаушы тетіктерінің бірі ретінде этикалық нормаларды танимыз.

Олай болса, кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлесе білуі тиіс. Ал іскерлік қарым-қатынас басқарудағы қарым-қатынас этикасы мен іскерлік сөйлеу мәдениетін қамтиды. Қысқасы, бүгінгі қоғамдағы жас мамандардың іскерлік қарым-қатынас әдебінің аспектілерін жете білуі бастаған ісінің сәтті өрлеуіне кепіл болмақ .

Сондай-ақ іскер маманның психологиялық мәдениеті - адамның психикалық іс-әрекетін танытар білімдердің жиынтығы және бұл білімді адамдармен жұмыстың нақты жағдайында қолдана білуі. Ал іскер маманның шешендік өнерді игеру барысындағы шешен сөйлеудің логикалық аспектілері өз алдына бір бөлек мәселе. Сондай-ақ былайша жіктеп, тармақтау тым шартты да. Себебі сөз өнерінің барлық элементтері бір-бірімен өте тығыз байланысты. Шешен сөйлей білудің логикалық аспектілерін психологиялық аспектілерден бөле-жара қарау адам психикасының рациональды, эмоциональды арналарының бір-біріне қатыссыздығын білдірмейді. Жалпы шаршы топ алдында ауызша сөйлеу өзіндік эмоционалдылығымен, өзіндік көркемдігімен қызықтыраны даусыз. Солай десек те, сөзді логикалық тұрғыда ұйымдастыруға арқа сүйенілмесе, ойлаған мақсатқа сай келмесі де ақиқат. Сөйленген сөзде логиканың болмауын психологиялық амалдармен де, тілдің бейнелілігімен де, дауыс мәнерлілігімен де алмастыру мүмкін емес.

Кез келген сөйленген сөздің тиімділігі, жандылығы алғашқы кезекте оның мазмұндылығымен анықталары сөзсіз. Марк Тулий Цицеронға сүйенсек, сөйленер сөзде тек негізгі нысан ғана толық әрі жан-жақты қозғалысқа түсіп, жарқырай гүлдене алмақ. Егер де сөйленер сөздің тұғыры шешен жіті танып білген, мұқият меңгерген мазмұнға негізделмесе, онда оның нысанды сөзбен бейнелеуі бос мылжыңдық болып танылмақ.

Демек, оқу құралында таразылана таратыла айтылған осы және өзге де түйіндер іскер маманның сөз сөйлеуіндегі логикалық психологиялық аспектілерінің өзара тығыз жалғастығын, сөздің барлық құрамды бөліктерінің оның мақсатына және аудитория талаптарына қатаң байланысты екендігін анық аңғартады. Жалпы «тезис» - сөйленер сөз тарамдарының күллісі тарқатыла өрілетін бас ой үзігі. Әрбір ұғым, сөз, тіпті әріп атаулы соған келіп тоғысуы тиіс. Басқалай жағдайда сөз құрылымы олпы- солпы, себепсіз енгізілген басы артық нәрселерге толы болады. Ал іскер маманның сөйлеген сөзіндегі артық іліктер алғы мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтірмек.

Түйіндей айтар болсақ, **профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Іскерлік шешендіктану» атты оқу құралы бүгінгі жас ұрпаққа, күллі студенттер қауымына, магистранттар мен докторанттарға және мемлекеттік қызметшілерге пайдасы көл-көсір аса құнды еңбек дегіміз келеді.**

Бақытгүл ДОСҚАЛИЕВА,
филология факультетінің III курс студенті (Қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығы, ҚТӘ-21(3)-топ

түсінуінің қажеттігі. Қазіргі қоғамның мәдени даму сатысы мамандардан кең тұрғыда гуманитарлық қалыпта ойлана білуді, өнеркәсіптік өркендеу, даму заңдары бойынша кәсіби қимыл- әрекетті үйлестіре білу қабілеттілігін талап етеді. Сондай-ақ осы ретте тек гуманитарлық білім ғана көпшілікке мәнді құндылықтарға жауапкершілік, танымдық тұрғыда өзіндік көзқарасты анықтау, жалпы мәдени хабардарлық, жеке өзін-өзі белсендіру сияқты жемісті ырғақтарды қалыптастыра аларын ескеру артық емес.

Оқу құралы авторы іскер маманның жоғары дәрежедегі сөйлеу мәдениетінің болуына қойылар талаптар қатарына тыңдаушылар жақсы білетінді тәптіштеп айтудан аулақ болу; тыңдаушыны қадірлей білу; сөйленген сөздің анық, дәл, айқын естілетін болуы; сөз сөйлеуде бет-жүзінің, қолыңның қимылын қатыстыру; тыңдаушыларға көз қырын салып отыру; сөзді өбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастамау; сөзіңнің қысқа әрі тұжырымды болуын жатқызады. Демек, шаршы топ алдында шешен сөйлеудің ең негізгі шарттары: сөз дұрыстығы; қысқалығы; эмоциональдылығы; байлығы; түсініктілігі мен дәлдігі.

Ал сөйлеу мәдениетін көтеру үшін аса қажетті дағдыларға автор әдеби тіл стильдерін таразылай отырып, өз беттік оқу шеңберін ұлғайту; атақты актерлер мен дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу; өзінді үнемі бақылауда ұстау, күнделікті сөйлеу стилі мен тіліндегі мүкістіктермен санасып отыруды қосады. Олай болса, жоғарыда айтылған ғылым саласына қатысты қағидаларды оқып-үйрену, шаршы топ алдында сөйлеуде оның заңдарын қолдану - іскер маманның басты міндеті. Айтылған қағида-заңдардың бар-шасы іскер маманның шешен сөйлеу шеберлігіне қажетті логикалық мәдениет, тілдік мәдениет, психологиялық мәдениет, қарым-қатынас жасау мәдениеті, сөйлеу техникасы деңгейлерімен қамтамасыз етпек.

Жинақтай айтар болсақ, **профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың «Іскерлік шешендіктану» атты оқу құралы жоғарыда біздің тарапымыздан тарата айтылған салаларға қатысты (бұл бірер қыры ғана) аса құнды еңбек деп білеміз.**

Дильназ Махутова,
Қоғамдық даму департаментінің ғылыми қызметкері

Қызылорда қаласында тоғызқұмалақтан өткен Қазақстан Республикасы чемпионатында айрықша дайындық пен шеберлік танытқан Химия-21 тобының студенті Сәлімғали Қарақат Сәлімғалиқызы жүлделі I орын иеленіп, оқу ордамыздың мерейін үстем етті.

Тоғызқұмалақтан Қазақстан чемпионатында жарқыраған жеңіс!

Ұлттық ойындарымыздың бірі – тоғызқұмалақ тек дене емес, ақыл-ойды дамытатын зияткерлік спорт түрі ретінде елімізде кеңінен танымал. Мұндай беделді додаларда жеңіске жету – үздіксіз дайындық пен жоғары білімнің, табандылықтың және зейінділіктің белгісі. Қарақат Сәлімғалиқызы осы сапаларға сай екенін дәлелдеп, өз қарсыластарын сенімді түрде артта қалдырды.

Жарысқа еліміздің әр өңірінен келген мықты спортшылар қатысып, бәсекенің деңгейі өте жоғары болды. Соған қарамастан, Қарақат үздік ойын өрнегін көрсетіп, шешуші партияларда тәжірибе мен есепке негізделген салмақты ойын тәсілін көрсете білді. Бұл жеңіс – оның спортқа деген сүйіспеншілігінің, жауапкершілігінің және қажырлы еңбегінің жемісі.

Сәлімғали Қарақат – тек спортта ғана емес, оқу озаты ретінде де көзге түсіп жүрген студент. Ол университет қабырғасында білім мен ғылымды қатар алып жүріп, түрлі қоғамдық іс-шараларға да белсене атсалысады. Мұндай жан-жақты жастар – білім ордамыздың мақтанышы. Факультет ұжымы мен студенттер қауымы Қарақат Сәлімғалиқызын осы тамаша жеңісімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да сәттілік пен биік белестер тілейді. Сенің табысың – барша студенттерге үлгі!



Құрметті құдайыңыз!

Құрметті Тұлхан Қалабайқызы!

Сізді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің және филология факультетінің ұжымы 50 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

50 жас – балалық шақтан бастап, еңбек пен отбасы бақытына жеткен ұлы жолдың алтын белесі. Осы жылдары қаншама еңбек пен жетістікке қол жеткіздіңіз. Сіз кәсіби білікті маман, ел игілігі үшін жасаған еселі еңбегіңізбен үлкен жетістікке жеткен тұлғасыз. Кадрлық әлеуетті арттыруға зор үлес қосып келесіз. Бұл қадамды сіздің табанды еңбегіңіздің жемісі деп бағалаймыз.

Қол жеткізген табыстарыңыз бен білім, ғылым салаларының дамуына қосқан зор үлесіңізді еріптестеріңіз әркез мақтан тұтады.

Құрметті Гүлхан Қалабайқызы! Мерейтойыңызда Сізге және жанұяңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін! Отбасыңызға тірек болып, жақындарыңызға мейірім сыйлаңыз. Алдағы уақытта да осы мәртебеңіз бен абыройыңызды сақтап, денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзақ болсын!

Еңбегіңіз еленіп, мерейіңіз үстем болсын!



Батыр қыздарымызға тағзым

Биыл біз үшін бейбіт өмірдің, ерліктің, азаттықтың белгісіне айналған Ұлы Жеңіске - 80 жыл. Ұлы Отан соғысы қашанда еліміздің тарих қойнауында айрықша орын алатыны сөзсіз белгілі. Осы бір елеулі соғыста ерлік көрсетіп, Отаны үшін жан берген батырларымыз қанша уақыт өтсе де әрдайым есімізде, оларға деген құрметіміз артпаса, кемімейтіні де айдан анық. Батыр дегенде көз алдымызға айбынды ер-азаматтар елестейді, бірақ соғыста жан беріскен, ерлік көрсеткен қыздарымыздың бар екенін де білеміз. Оған Х.Доспанова, Ә.Молдағұлова, М.Маметова сынды әйелдік жігер мен патриоттық рухты қатар ала жүрген ару қыздарымыз дәлел.



Дәл осы Ұлы Отан соғысына – 80 жыл толуы қарсаңында, ИЯ-15 тобымен Батыс өңірінен шыққан қайсар қыз Маншүк Маметованың мемориалды мұражайына барып, сыныптан тыс кураторлық сағат өткізуді жөн көрдік. Кураторлық сағатымыздың басты мақсаты – батырларымыздың ерлігіне тағзым етіп, олардың рухын еске алу болды. Мұражайға саяхат барысында біз Маншүк апамыздың өмір жолы, соғыс

жылдарындағы ерлігі, жазған хаттары мен жеке заттары туралы мол мағлұмат алдық. Оның соғыста пулеметші ретінде соғысқан сәттері бейнеленген суреттер мен құжаттар бізге үлкен ой салды. Көрмеде қойылған фотосуреттер, хаттар мен марапаттар – барлығы да тарихтың үнсіз куәгеріндей әсер қалдырды. Мұражай ішінде тек Маншүк апамыздың ғана емес, өзге де батырларымыздың ерліктері бейнеленген. Маншүк Маметованың

ерлігі тек қазақ халқына емес, бүкіл Кеңес Одағына үлгі болды. Ол – Кеңес Одағының Батыры атағын алған тұңғыш қазақ қызы. Музейде болған сәттер бізді жігерлендіріп, өткенге деген құрметімізді арттырды. Ұлы Отан соғысы біз үшін, өскелең ұрпақ үшін тарих беттерінен ойып тұрып орын алған аса маңызды оқиға ретінде есімізде мәңгі қала бермек. Оқ пен от қатар жауған қан майданда Отаны үшін аянбаған, соңғы деміне дейін жан берісе күрескен,

ерлігімен ел мақтаныштарына айналған батырларға деген құрметіміз сан ғасыр өтсе де, биік болып қалатыны өзгермес ақиқат. Батырлардың рухына тағзым етіп, бейбіт өмірдің қадірін білу – әр ұрпақтың парызы. Мақаланы осы бір батырларға арналып шығарылған өлең жолдарымен аяқтауды жөн көрдік.

Біз білетін Ұлы соғыс – қанға бөккен қан майдан,
Айырылды – қазақ, қаралы күні талайдан,
Перзенттері соғысқа кеткен ана-жан,
Амандығын тілеумен өтті Құдайдан.

Оқ пен оттың ортасында жүрді арулар,
Қолдарында жүрек емес, қару бар.
Жау тылынан қорықпаған, қашпаған,
Біз үшін олар мәңгілікке – батырлар.

Қанға толып айбынды жастар жүрегі,
Отаны үшін жеңу еді бар тілегі,
Азаттыққа қол жеткізген соғыста,
Батырларды әрбір қазақ біледі.

Жеңіс сөзін тарихқа жазды қанмен,
Жан берісіп, күресіп олар жаумен,
Сұрапыл күні оққа тосқан кеудесін,
Ұл-қыздарды ерлігімен ел білген.

Ол соғыста қаза тапқан адам көп,
Үйіме қайтам, қорқамын деген ешкім жоқ,
Олар үшін тек Отан, тек Отан болды
бар мақсат,
Сол үшін ғана кеудеге жиды он мың оқ.

Айгүл НАСИМУЛЛИНА,
ИЯ-15 тобының кураторы, аға оқытушы,
магистр
Гулназ ҚАНАТОВА,
ИЯ-15 студенті

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.**
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 450

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҒЫЗАҚОВ
ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99